

АҚОРДА



«ЗАҢ мен ТӘРТІП» ҚАҒИДАТЫН НЫҒАЙТУ ҚАЖЕТ

Мемлекет басшысы
Бас прокурор Берік
Асылловты қабылдады.

Президентке елдегі заң үстемдігінің жай-күйі мен прокуратура қызметінің негізгі бағыттары бойынша жұмыс нәтижелері баяндалды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа арнайы прокурорлардың қоғамда резонанс тудырған және мемлекет мүддесіне, сондай-ақ азаптауға қатысты аса маңызды қылмыстық істерді тергеп-тексеру барысы жөнінде есеп берілді.

Биыл арнайы прокурорлар сотқа 55 қылмыстық іс жолдап, соның негізінде 112 адам сотталған. Тағы 80 іс соттардың қарауында жатыр. Арнайы прокурорлар тексерген істер бойынша жалпы сомасы 14,4 миллиард теңге залал өтелді.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына қылмыстық жолмен тапқан кірістерді іздестірудің жаңа тәсілдері мен оны ел экономикасына пайдаланудың перспективасы жөнінде мәлімет ұсынылды. Қозғалған қылмыстық істер бойынша жалпы құны 105 миллиард теңге болатын мүлікке тыйым салынды. Соның ішінде прокурорлар басқа да құқық қорғау органдарымен бірге тек есірткіге қарсы істер бойынша 12 миллиард теңгеге жуық активтерді қолға түсірген.

Бас прокурор Берік Асыллов активтерді қайтару мәселесі туралы да айтты. Екі жыл ішінде прокуратура органдары арқылы 850 миллиард теңгенің активтері қайтарылды. Бұл қаражат өңірлерде 400-ге жуық әлеуметтік және коммуналдық нысан салуға жұмсалады. Бүгінде 60 ғимараттың құрылысы аяқталған.

Президенттің Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру мақсатында және бизнесті белсенді қолдау үшін Бас прокуратураға қарасты ведомствоның атауы өзгермек. Жаңа формат инвестицияға оңтайлы жағдай жасап, кәсіпкерлер мен инвесторлардың құқығын қорғауға мүмкіндік береді.

Қасым-Жомарт Тоқаев барлық салада заңдылықты қамтамасыз ету және қоғамда «Заң мен тәртіп» қағидатын нығайту жұмыстарын жалғастыруды тапсырды. Сонымен қатар құқық қорғау және мемлекеттік органдардың алаяқтыққа, есірткі саудасына, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа, вандализмге қарсы іс-қимылын, бизнесті негізсіз қылмыстық қудалауға жол бермеу жұмыстарын тиімді үйлестіру маңызды екенін атап өтті.

КАПИТАЛ ҚАЙДА БАРАСЫҢ?

Қазақстанда биылғы инвестицияның басым бөлігі білім, өнеркәсіп пен көлік тасымалына құйылып, салаларға жаңа серпін беріп отыр. Дегенмен экономиканың басты әлсіз тұсы айқындала түсті: мемлекет қаржысына тәуелділік артып барады. Ал кен өндіру саласына инвестицияның бәсеңдеуі тәуелділікті одан сайын ұлғайта түсуі мүмкін. Бұл «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында Мемлекет басшысының назар аударған өзекті мәселенің бірі болатын. Президент өңдеу саласына көбірек қаражат тарту алдымызда тұрған басты міндеттің бірі екенін қадап айтты. «Қажет болса, жоғары технологияларға салынатын инвестицияларға жеңілдік беруге болады. Сондай-ақ мемлекеттің инвестициясы мен жеке бизнестің ірі бастамаларына бірдей назар аудару қажет», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.



→ 6



ЖОЛДАУ – 2025

ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЕРПІЛІС ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРАДЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, экономика салаларының инновациялық әлеуетін күшейту, ғылымның күш-қуатын өндіріс пен ауыл шаруашылығында тиімді пайдалану сияқты күрделі мәселелерді қозғады.

→ 5

ҚОРҒАНЫС ҚУАТЫН ЦИФРЛАНДЫРУҒА МҮМКІНДІК

Президент Жолдауы Қарулы Күштеріміздің әскери қызметшілері арасында зор қызығушылық пен толық қолдауға ие болды.



→ 4

БЕКЗАТ – МЕН ІЗДЕГЕН ҚАҢАРМАН

Бекзат батырдың спортпен достығы оның бір қыры болса, ол туралы кітапта өзге сан қыры сөз етілген. Бекзат – адал дос. Бекзат – білімге құштар жас. Бекзат – нағыз ақын.



→ 16

13 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ



ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ – ДАМУДЫҢ ЖОЛ КАРТАСЫ

Парламент Сенатының Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Онда депутаттар Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында жүктелген міндеттерді іске асыру барысын талқылады. Сондай-ақ инновациялық қызмет саласын мемлекеттік қолдау жүйесін жетілдіру және мемлекеттік статистика мәселелері туралы заңды қарады.

Отырыс кезінде Жолдауда белгіленген басымдықтарға мән беріліп, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша палата жұмысының маңызды бағыттары айқындалды.

Мәулен Әшімбаев атап өткендей, Мемлекет басшысының тапсырмаларын сапалы іске асыру үшін алдағы уақытта барлық деңгейдегі депутаттар мүдделі тараптармен, оның ішінде сарапшылармен бірлесіп, тиісті заңдарды уақтылы әзірлеуге және қабылдауға айрықша назар аударуға тиіс. Олардың қатарында Банктер туралы заң, Цифрлық және Құрылыс кодекстері, Алатау қаласының ерекше мәртебесі туралы заң бар. Сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» заңды жаңарту, парламенттік реформаны жүзеге асыру, инвестициялар тарту жүйесін жаңғырту және басқа да стратегиялық бағыттарды дамытуға қатысты жұмыс барысы сөз болды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз Жолдауында Қазақстанды үш жыл ішінде жаппай цифрлық елге айналдыруды мақсат етіп белгілеп берді. Оған қол жеткізу үшін қысқа мерзімде Цифрлық кодексті қабылдау тапсырылды. Сондай-ақ Банктер туралы заң мен Алатау қаласына арнайы құқықтық мәртебе беретін заңды да қабылдауымыз керек. Жыл соңына дейін жаңа Құрылыс кодексін қабылдау және «Мемлекеттік мүлік туралы» заңды жаңарту міндеті де жүктелді. Парламенттік реформа – Мемлекет басшысының Әділетті Қазақстан құру және демократиялық институттар мен тетіктерді нығайту жолындағы байыпты бағдарының логикалық жалғасы екені анық. Жалпы, Президентіміздің биылғы Жолдауын Қазақстанды жаңғыртудың жаңа замандағы кешенді жол картасы деп қабылдаймыз. Сондықтан Қазақстанның орнықты дамуына арналған барлық бастаманы бірлесіп іске асыру үшін бар күш-жігерімізді жұмсауымыз қажет», – деді Сенат Төрағасы.

Сонымен қатар палата отырысында сенаторлар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инновациялық қызмет саласын мемлекеттік қолдау жүйесін

жетілдіру және мемлекеттік статистика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңды екі оқылымда қарады.

«Қаралған заң еліміздегі инновациялық қызмет саласын мемлекеттік қолдау жүйесін және мемлекеттік статистиканы одан әрі жетілдіру мақсатымен әзірленген. Түзетулер аясында бірыңғай инновациялық кластер құру көзделіп отыр. Осыған байланысты Astana Hub пен «Инновациялық технологиялар паркі» кластерлік қорын біріктіру және олардың қатысушылары үшін бірыңғай құқықтық орта құру қарастырылды. Құжатта инновациялық қызметті дамыту үшін қолайлы жағдай жасауға қажетті өзге де шаралар қамтылған. Заңның қабылдануы отандық инновациялық саланың дамуына және ел экономикасының ілгерілеуіне тың серпін береді деп сенеміз», – деді Мәулен Әшімбаев.

Нақты айтқанда, осы заңның нормаларына сәйкес қайталанатын функцияларды болдырмау және одан әрі бюрократиядан арылту үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Технологиялық саясат жөніндегі кеңесті тарату жөнінде түзетулер енгізіліп, оның бірқатар функциялары Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Қазақстан Республикасының Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссиясына беріледі. Сондай-ақ Кәсіпкерлік кодекске түзетулер шеңберінде осындай венчурлік қорлар активтерінің (бүкіл портфелінің) кірістілігі (залалдылығы) негізінде венчурлік қорларды қоса қаржыландыру жөніндегі инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну және іске асыру тиімділігін бағалауды жүзеге асыруға қатысты норма қарастырылған.

Бұдан басқа, палата отырысында сенаторлар Мемлекет басшысының «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында айтылған бастамаларды іске асыруға арналған депутаттық сауалдарын жолдады.

Ардақ СҰЛТАН

БІРЫҢҒАЙ ЭЛЕКТРОНДЫ АРХИВ ҚҰРУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНАДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Жалпы отырыста депутаттарға архив ісі мәселелері бойынша түзетулер енгізу туралы заң жобасын бірінші оқылымда қарау ұсынылады. Заң жобасында архив құжаттарын қалыптастыру, сақтау және пайдалану саласындағы құқықтық реттеуді кеңейту, сондай-ақ электронды архив құру көзделген. Қолжазбаларды, суреттерді, сызбаларды, күнделіктерді, хат-хабарларды және мемуарларды сақтау мен пайдалану тәртібі айқындалды. Барлық сандық форматқа көшірілген архив құжаттамасын сақтауды қамтамасыз ететін «Құжаттардың бірыңғай электрондық архиві» автоматтандырылған жүйесі енгізілуде. Сонымен қатар мемлекеттік архивтердің азаматтардың жеке деректерін және жеке ақпаратын, соның ішінде үшінші тұлғаларға қатысты сұраулар кезінде, қорғау функциялары бекітіледі.

Сондай-ақ жалпы отырыс барысында бейінді комитеттер жаңа ратификацияланатын заң жобаларын жұмысқа алады. Олар: Түркі мемлекеттері ұйымының Азаматтық қорғау тетігін құру туралы келісім, Қазақстан мен Қытай арасындағы жанартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды іске асыру туралы келісім, сондай-ақ ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің радиациялық жағдай мониторингінің деректерімен алмасу кезіндегі өзара іс-қимылы туралы келісім.

Отырыста депутаттар Парламенті Мәжілісінің өкілеттіктерін іске асырудың төртінші сессияға арналған негізгі іс-шаралар жоспарын талқылайтын болады.

Сонымен қатар бюро мүшелері Қазақстанда жасанды интеллектті дамыту мәселесі бойынша парламенттік тыңдау өткізу жөніндегі бастаманы қолдады.

ЦИФРЛЫҚ ИПОТЕКА ІСКЕ ҚОСЫЛМАҚ

Елімізде «Цифрлық ипотека» жобасы аясында екінші нарықтағы жылжымайтын мүлікке нотариалдық мәмілелерді онлайн рәсімдеу пилоттық режимде басталды. Тиісті бірлескен бұйрыққа Әділет министрі Ерлан Сарсембаев пен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев қол қойды.

Аталған жоба азаматтарға пәтерді сатып алу мәмілесін қашықтан – банк қосымшасы немесе сайты арқылы жүргізуге мүмкіндік береді. Өтінім беруден бастап несие шартын рәсімдеуге, сатып алу-сату келісімін бекітуге және меншік құқығын тіркеуге дейінгі барлық процесс толық цифрлық форматта өтеді. Бұл үшін бейнеқоңыраулар, электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦК) және мемлекеттік деректер базаларымен интеграция қолданылады.

Пилоттық жобаға қатысу үшін екінші деңгейлі банктер ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сай болуы, жеке деректерге

қол жеткізуді бақылау сервисіне қосылуы және мемлекеттік жүйелермен интеграцияны қамтамасыз етуі қажет.

Екінші нарықтағы тұрғын үйге «Цифрлық ипотека» қашықтан рәсімдеу процесі бірнеше кезеңнен тұрады:

1. Ипотекаға өтінім беру.
2. Алдын ала шарттар.
3. Жылжымайтын мүлік туралы ақпарат.
4. Банктің соңғы шешімі.
5. Сатып алу-сату шартын рәсімдеу.
6. Құжаттарға қол қою және несие беру.

Ә. МҰХАНБЕТ



МӘЖІЛІС МІНБЕРІ

13 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бурабайда өткен IV Ұлттық құрылтайда Транскаспий халықаралық көлік дәлізіне қосылатын «Орталық – Батыс» автожолы Астана – Егіндікөл – Бауманское – Сочинское – Шалғай – Шойындыкөл – Арқалық – Жалдама – Амангелді – Торғай – Ақшығанақ – Ырғыз бағытымен өтіп, еліміздің орталығы мен батысын тікелей байланыстыруға тиіс деп, Торғай жұртын қуанып тастаған еді. Алайда «жолдың бағытын өзгертіп, оны Ұлытау арқылы бұрып әкетеді екен» деген ақпарат тарағалы бері өңір халқының көңілі алаң. Осы орайда біз «Президент тапсырмасы бойынша салынуға тиіс жолдың бағыты өзгеруі мүмкін бе?» деген сұрақ төңірегінде Парламент Мәжілісінің депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Берік Бейсенғалиевпен сұхбаттасқан едік.

Берік БЕЙСЕНҒАЛИЕВ,
Мәжіліс депутаты:

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ МҮЛТІКСІЗ ОРЫНДАЛУЫ КЕРЕК

— Жакында Президент халыққа арнаған Жолдауында «Жалпы, Торғай аймағының әлеуметтік-экономикалық дамуы Үкіметтің айрықша назарында болуы керек» деп сүйінші жаңалық айтты. Бірақ өңір халқының жол салынады деген үмітінен гөрі, күдігі басым. Сіздіңше, нақты бекітілген стратегиялық бағыттың өзгеруі мүмкін бе?

— Президент IV Ұлттық құрылтайда еліміздің дамуы үшін стратегиялық маңызы бар жаңа бастамаларды жария еткені баршаңызға белгілі. Солардың қатарында Торғай аймағының дамуына тың серпін беретін «Астана – Арқалық – Торғай – Ырғыз» бағытымен автокөлік жолын салу туралы баса айтты. Ол жаңалықты Қостанай, Ақмола, Ақтөбе, Маңғыстау сияқты облыстардың халқы үлкен қуанышпен қабылдағаны рас. Өйткені ол жобаның іске асуы орталық және батыс өңірлерінің арасын 560 шақырымға қысқартып, өңірарлық байланыстарға жаңа серпін береді. Мемлекет басшысының айқындап берген бағыты бойынша салынатын автокөлік жолына, әсіресе Арқалық, Амангелді, Торғай өңірлерінің тұрғындары үлкен үміт артып отырғанын атап өту қажет. Себебі Торғай облысы жабылып қалғаннан кейін осы өңір Астана мен облыс орталығынан және республикалық автомобиль жолдарынан шетте қалған. Арқалыққа кез келген жақтан авто, не теміржол көлігімен жету немесе ол жақтан келу үшін, әдетте бір күнге жуық уақыт кетеді. Әуе-қатынасы да үзіліп, өңірдің то-

лыққанды әлеуметтік-экономикалық қатынастарының дамуына едәуір кедергі болып отыр.

Бүгінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының білікті саясатының арқасында Торғай өңірінің дамуына баса назар аударылуда. 8 қыркүйектегі Жолдауында да Торғай өңіріне ерекше тоқталып, Үкіметке бұл аймаққа айрықша назар аудару керегін атап өтті. Бұл бастама тұтас Торғай өңіріне дем беріп,

жасақталып, комиссия құрылып, Президент тапсырмасын, жолдың бағытын талқылап, жиын өткізіп жүргенін әлеуметтік желілерден көріп отырмыз. Жалпы, Ұлытау бағытына бұруға қандай да бір себеп бар ма?

— Өздеріңіз білетіндей, Президенттің Ұлттық құрылтайда берген тапсырмасынан кейін, Премьер-Министр биыл мамыр айында Қостанай облысына жұмыс сапары барысында — бір ай

«**Кейбір жауапты мемлекеттік органдар Президенттің нақты айтқан бағытын бұрмалап Ақмола, Ұлытау облыстарының елді мекендеріне барып «Орталық – Батыс» автокөлік бағытын анықтау мақсатында қоғамдық тыңдау өткізіп, баламалы бағыттар ұсыныпты. Бұл қай сасқандық? Ешқандай министрліктің, әсіресе министрлікке бағынышты комиттетің, Президенттің тікелей тапсырмасын бұрмалауға құқығы жоқ.**

шағын және орта бизнесті дамытуға, жұмыс орындарын ашуға, инвестициялар тартуға және ең бастысы халықтың үдере көшуін бәсеңдетуге оң әсерін тигізері анық.

Енді Президенттің айқындаған жол бағытының «Ұлытау облысы аумағына ауыстырылуы мүмкін» деген ақпаратты мен әлеуметтік желілерден көрдім. Бірақ ешқандай ресми құжаттарды көрген емеспін. Кейін маған Арқалық, Торғай елді мекендерінің көптеген тұрғыны хабарласып, өздерінің аландаушылықтарын білдірді.

— Дегенмен Көлік министрлігінің Автомобиль жолдары комитетінің бұйрығымен жұмыс тобы

әсіресе министрлікке бағынышты комиттетің, Президенттің тікелей тапсырмасын бұрмалауға құқығы жоқ.

Президенттің тапсырмасында айдан анық көрсетілген бағыт — Ақмола, Қостанай, Ақтөбе облыстары арқылы, жол «Астана — Арқалық — Торғай — Ырғыздан» өтуі керек және бұл тапсырманы бұрмалауға да ешқандай себеп жоқ.

Ал Ұлытау бағытына келер болсақ, бұл бағытта жол салынуына біздің еш қарсылығымыз жоқ, бірақ бұл жол басқа инфрақұрылымдық жоба шеңберінде қаралып, Президенттің тікелей тапсырмасы — «Орталық — Батыс» автокөлік бағытына кедергі болмауы керек.

— Жалпы, Президент тапсырмасын өзгертуге және талқылауға заң немесе Конституция шеңберінде қандай да бір рұқсат берілген бе?

— Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасы — президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет, ал Қазақстан Республикасының Президенті — мемлекеттің басшысы, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік ететін ең жоғары лауазымды тұлға. Сондықтан халық сайлаған Мемлекет басшысының тапсырмалары мұлткісіз орындалуы қажет.

— Көлік вице-министрі Мақсат Қалиақпаровтың «Орталық — Батыс жолының техникалық құжаттары экспертизада жатыр» деп айтқан бейнежазбасы әлеуметтік желілерде таралып жатыр. Өзіңіз айтқандай, 14 маусымда Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов пен сол кездегі Көлік вице-министрі Сәтжан Аблалиев катысып, Транскаспий халықаралық көлік дәлізіне шығатын «Орталық — Батыс» автожол құрылысының басталғанын жаһанға

жариялаған болатын. Егер Мақсат Қалиақпаров айтқандай, Орталық — Батыс жолының техникалық құжаттары экспертизада жатқан болса, экспертизадан құжаты шықпаған жол құрылысын бастауға бола ма?

— Заңнамаға сәйкес, кез келген жобаның, құрылыстың басталуы оның жобалау-сметалық құжаттарын дайындаудан басталады. Онсыз ешқандай құрылыс басталмайды.

Ал «Орталық — Батыс» жобасының техникалық, экономикалық негіздемесі мен жобалық сметалық құжаттамасы 2015 жылы дайындалған. Қазір ағымдағы бағалар бойынша жаңарту жұмыстары жүріліп, жобалық-сметалық құжаттары сараптамадан өтуде. Негізінде, егер бас мердігер мен қаржыландыру көздері туралы шешім қабылданса, онда дайындық үшін инженерлік ізденістер жұмыстарын жүргізуге болады. Атап айтқанда, геология, гидрология, топография, аумақты тазалау, құрылыс алаңын және уақытша инфрақұрылымды ұйымдастыру және тағы басқа дегендей.

Өткен аптада мен Көлік министрі Н.Сауранбаев мырзамен кездесіп, жобаның түйткілді мәселелерін талқыладым. Көлік министрі жобаның сараптамадан өтіп жатқанын, бастапқы бағыттың өзгермейтінін, Мемлекет басшысының тапсырмасы міндетті түрде орындалатынын айтты.

Осы ретте, жауапты мемлекеттік органдар қажетті шешімдерді дереу қабылдап, кешіктірмей негізгі құрылысты бастайды деген үміттеміз.

— Берік Тұрсынбекұлы, бастапқы бағыт өзгермейтіні туралы жаңалығыңызбен алаң жұртқа қуанышты хабар айтып жатырсыз...

— Еліміздің инфрақұрылымының жан-жақты дамығанын бәріміз қалаймыз. Үкімет тарапынан жаңа жобалар бастаймыз деген бастамаларын үнемі қолдаймын. Жолдар салынып ел мен ел араласуы керек. «Жол мұраты — жету» дейді халқымыз. Жол — құретамыр.

Иә, «Астана — Арқалық — Торғай — Ырғыз» бағытымен автокөлік салудың басты артықшылығы орталық және батыс өңірлерінің арасын 560 шақырымға қысқартады. Бұл бағыттың басты стратегиялық маңызы сонда жатыр ғой. Төте жолдың аты төте жол. Жоғарыда атап кеткенімдей, оның өңірарлық байланыстарға және бастысы соңғы жылдары шетте қалып қойып жүрген Торғай өңіріне жаңа серпін берері сөзсіз. Картаны алып қарасақ та, соны көруге болады.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Тілекгүл ЕСӘДӘУЛЕТ



ЖОЛДАУ – 2025

13 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

ҚОРҒАНЫС ҚУАТЫН ЦИФРЛАНДЫРУҒА МҮМКІНДІК

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 8 қыркүйектегі «Қазақстан жасанды интеллект дәуірінде: цифрлық трансформация арқылы өзекті мәселелерді шешу» атты Жолдауы Қарулы Күштеріміздің әскери қызметшілері арасында зор қызығушылық пен толық қолдауға ие болды. Жеке құрам Мемлекет басшысының жаһандық технологиялық трансформациялар жағдайында ел дамуының басым бағыттары және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі цифрлық технологиялардың рөлін күшейтуді көздейтін стратегиялық үндеуін ерекше мақтанышпен қабылдады.

Мемлекет басшысының жыл сайынғы бағдарламалық құжаттары еліміздегі ахуалға әділ баға беріп қана қоймай, алдағы мақсат-міндеттерді де нақты белгілеп отырады. Биылғы Жолдаудың ерекшелігі жасанды интеллект технологияларын тиімді пайдалану, барлық салаға цифрлық трансформацияны енгізу, сондай-ақ энергетика саласын дамыту, оның ішінде еліміздің энергетикалық қауіпсіздігі мен технологиялық өрлеуінің негізгі тетігі ретінде атом электр стансаларын салу мәселесіне баса назар аударылуында болып отыр.

Президент атап өткендей, жасанды интеллект пен цифрландыру ел экономикасын ілгерілететін

қозғаушы күшке, басқару сапасын арттыратын құралға әрі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің сенімді тетігіне айналуға тиіс. Мемлекет басшысы инновациялық технологияларды өнеркәсіп, білім беру, денсаулық сақтау және қорғаныс салаларына енгізудің маңыздылығын айта отырып, Қазақстанның жаһандық технологиялық процестердің белсенді қатысушысына айналуы қажеттігін қадап айтты.

Осы орайда, Қазақстанның Қарулы Күштері үшін тың мүмкіндіктер мен жаңа көкжиектер ашы-луда. Армия қазіргі заманғы цифрлық шешімдерді енгізу арқылы басқару жүйелерін автоматтандыру мен цифрландыру бағытын дәйекті



жүзеге асырып келеді. Қорғаныс министрлігі құрылымында жасанды интеллект технологияларын дамытуға арналған арнайы басқарма құрылып, «Сарбаз+» пилоттық жобасы іске қосылды, сондай-ақ цифрлық әскери комиссариат жүйесі енгізілді.

Бүгінде мониторинг, байланыс және навигация жүйелері белсенді дамып, ұшқышсыз ұшу аппараттарын қолдану ауқымы кеңейіп келеді. Жасанды интеллект алгоритмдерін жауынгерлік іс-қимылдарды жоспарлау мен басқару процестеріне ендіру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Осы

бағыттағы маңызды қадамдардың бірі — Қарағанды облысындағы «Сарышаған» полигонында өткен «Жауынгерлік достастық — 2025» оқу-жаттығулары барысында Әуе қорғанысы күштерін басқарудың автоматтандырылған жүйесінің алғаш рет сынақтан өтуі болды. Бұл — қорғаныс архитектурасын жаңғырту жолындағы айрықша бетбұрыс. Мемлекет басшысының 2025 жылғы 1 тамызда Қорғаныс министрінің қабылдау барысында берген нақты тапсырмалары мен нұсқаулары Жолдауда көтерілген мәселелермен тікелей үндесіп жатқанын айта кету керек. Осы тапсырмалар шеңберінде Қорғаныс министрлігі әскерлердің ұтқырлығын және олардың қауіп-қатерлерге жедел ден қою қабілетін арттыру, Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерін, аумақтық бөлімшелер мен ҰҰА құрамаларын дамыту, цифрлық трансформация талаптарын ескере отырып, әскери инфрақұрылымды жаңғырту, мемлекеттік қорғаныс тапсырысының тетігін жетілдіру, әскери қызметтің қауіпсіздігін арттыру және жарақаттанудың алдын алу, сондай-ақ қазіргі заманғы технологиялар негізінде Қарулы Күштердің жауынгерлік әлеуетін нығайту жөніндегі шараларды іске асыру

бойынша кешенді жұмыс жүргізуде.

Аталған басымдықтарды орындау — еліміздің қорғаныс қабілеті мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі стратегиялық маңызды міндет. Инновациялық шешімдерді енгізу, ғылыми-техникалық әлеуетті дамыту және білікті мамандар даярлау Қазақстан Қарулы күштерінің XXI ғасырдың сын-қатерлеріне лайық болуына және мемлекет тірегі ретіндегі рөлін нығайтуына кепіл болмақ.

Президент Жолдауы барша қазақстандық қоғам үшін маңызды бағдар болмақ. Ал армия үшін бұл құжатты одан әрі жаңғыртуға, қорғаныс қуатын арттыруға және цифрлық технологиялар арқылы тиімділікті жаңа деңгейге көтеруге бағытталған нақты әрекет жоспары деп білеміз. Біз, әскери қызметшілер, Мемлекет басшысы ұсынған бағыттың толығымен жүзеге асатынына сенімдіміз. Еліміздің Қарулы Күштері алдағы уақытта да инновациялар мен жоғары жауынгерлік дайындық стандарттарына сүйене отырып, алға баса бермек.

Д. ҚОСАНОВ,
Қорғаныс министрі,
авиация генерал-лейтенанты

ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ТЫҢ БАСТАМАЛАР



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында әлемде қалыптасқан тәртіп пен адамдардың өмір сүру салтының күрт өзгерісі сынына қалай жауап береміз, бұдан шығатын жол қандай деген сұрақтарға жан-жақты тоқталды.

тымыз уақытылы, тиімді еңсерілген жағдайда көптеген жасампаздық пен жетістіктің жолы ашылады. Біз сияқты «орта державаларға» жаңадан велосипед жасамай-ақ, озық елдердің тәжірибесімен бірден секіріс жасауға мүмкіндік бар. Оған ұлттың рухы да, материалдық дүниесі де жеткілікті. Тек адал ниетпен еңбек ету керек.

Жолдауда еліміздің заң шығару билігіне реформа жасауға бастама көтерілді. Соңғы 30 жылда халық және мемлекет атынан билік жүргізуге өзінің конституциялық өкілеттігі шегінде құқығы бар Парламент екі палата жүйесінде жұмыс істеп келеді. Қоғамдық-саяси дамудың әр кезеңінде реформа жасау заңдылық. Жай қалыпты дамып қана қоймай, сапалы деңгейде болу үшін, орнықты келешек негізін қалау үшін ұдайы жаңғырып отыруымыз қажет. Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында еліміздің қоғамдық-саяси құрылымының өзіндік ерекшеліктері болды. 300 жылға жуық уақытқа созылған бодандық жағдайымыздың күрделі мәселелерді қалыптастырғаны белгілі. Жоспарлы социалистік режимнен бірден демократиялық, нарықтық қатынастарға өте салудың тәжірибесі бұрын болған жоқ. Саяси билікті жүзеге асырудың қыр-

сырларын үйренуімізге уақыт қажет болды. Популистік көзқарастар ықпалымен асығыс заңдар қабылдау арқылы қауіпті тәуекелдерге ұрынбау маңызды еді. Сондықтан да конституциялық жүйемізді уақыт сындарына сәйкестендіре қабылдадық. Содан бері Парламенттің әр палатасы өзінің тарихи миссиясы ретінде билік пен халықтың арасындағы балансты қалыпты ұстауға жұмыс істеп келеді. Тарихта 25-30 жыл бір ұрпақ ауысар уақыт саналады. Бүгінде күрделі геосаяси жағдайда өмір сүріп жатқан, жаңа дербес қоғамда өскен ұрпақтың талаптары алдыңғы қатарға шығуда. Қоғамдық-саяси санамыз жаңарып, саяси мәдениетіміздің деңгейі артты. Қоршаған әлемді, объективті ақиқатты және өзіміздің ұлттық болмысымызды танып, меңгеру кезеңінен өттік. Демографиялық жағдайымыз тұрақтанды.

Президентіміз уақыт талабын сараптай келе, бір палаталы Парламентке көшуге қатысты халықпен ақылдасуды жөн көрді. Оған асықпай, сабырлықпен шешім қабылдауға уақыт бөлді. Егер де референдум бойынша халық колдаса, келесі шақырылым депутаттары бір палаталы Парламентке сайланатын болар. Оған дейін еліміздің ең жоғарғы заң шыға-

рушы органы көптеген дайындық жұмысын жүргізуге тиіс.

Президентіміз еліміздегі заң мен тәртіп тұжырымдамасын одан әрі жетілдіре беруімізге тағы да пәрмен берді. Заң мен тәртіп — әділетті, құқықтық мемлекеттің негізгі факторларының бірі. Ал «Әділетті Қазақстан» құрудағы конституциялық-саяси реформалар қоғамдық қатынастың мәнін өзгертуде. Шыны керек, қазір «демократияны» желеулеткен, мәдениетті, өркениетті қоғамға жат жеке қылықтар да қосарлана көрініс табады. Оның қоғамдық әдепке жат екенін біле тұра, әлде түсінбей, «жарқ» етіп көріну үшін әлеуметтік желіде әлеуеттіндерде жетеді. Адамның табиғи құқығы мен қолданыстағы заңдарды қарама-қарсы қою, құқықты абсолюттендіру себебімен заңдарды елеуі мысалдары артуға. Заңдарда көрсетілген тәртіпті талап ету — қоғам мүшелерін басқарудың ертеден келе жатқан және үнемі дамығылатын әдісі. Демократияның заң мен тәртіптен тыс болуы ешбір теорияға сәйкес келмейді. Мұндай жағдай өз кезегінде шынайы әділдік қандасасын бұрмалай бастайды.

Заң мен тәртіп қандасасы қатаң адамгершілік тұрғыдан өзін-өзі шектеу, заңдарды орындаудың жоғары мәдениеттілігін, басқаның құқығын құрметтеу дәстүрге айналуымен тиімді болатыны белгілі. Әрине, қоғамда құқық әбден саясаттандырылған құбылыс. Ендеше бізге құқықтан тыс ойлаудан кетуге үйренгеніміз жөн. Заң мен тәртіп өміріміздің факторына, тұрмыс-тіршілігіміздің

өлшеміне, халықтың рухани құндылығына айналуы тиіс. Бұл ретте құқық пен заң өміршендігін қамтамасыз ететін нормативтік актілердің толық болуы маңызды. Қоғамдық қатынастарды реттеуде заңдар басты орын алатынына қарамастан, заңға тәуелді актілердің де қоғам өміріндегі орны ерекше. Ол нормалар қосымша толықтырушы және нақтылаушы рөл атқарады. Сонымен бірге зорлық пен зомбылыққа, тәртіпсіздікке жол бермейтін заңның үстемдігін қалыптастыруға мәжбүрлейтін әдістер өмір заңдылығы. Бұл биліктің құзыреті. Құқық пен билік қатар жүріп, бір-бірін толықтырып отырады. Заңмен шектеу көрмейтін билік — қауіпті билік. Ал билікпен қамтамасыз етілмеген құқық дәрменсіз.

Мемлекет басшысының елімізге қатысты маңызды мәселелерді жалпыхалықтық талқыға салып шешуді ұстануы — нағыз халықтық биліктің нышаны. Әрқайсымыз Отанды сүю дегенді алдымен еліміздің ішкі бірлігін, ынтымағын, заңы мен тәртібін сақтауға өз үлесімді қосу парызым деп түсінуден басталса керек. Президентіміздің жыл сайынғы Жолдаулары саяси, маңызды ресми құжат. Бірақ ол құқықтық ережелерді құрамайтындықтан, нормативтік сипатқа ие бола алмайды. Сондықтан да, Жолдаудағы барлық бастаманың құқықтық базасын жасау заң шығарушы билікке жаңа міндеттер жүктейді.

Наурызбай БАЙҚАДАМОВ,
Сенат депутаты

ЖОЛДАУ – 2025

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің Қазақстан халқына Жолдауында елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы, экономика салаларының инновациялық әлеуетін күшейту, ғылымның күшеюін өндіріс пен ауыл шаруашылығында тиімді пайдалану сияқты күрделі мәселелерді қозғады.

Мемлекет басшысы қазір дүниежүзінде жасанды интеллектінің қарқынды дамуына байланысты сипаты мүлде жаңа технологиялық өзгерістер болып жатқанын атап өтті. Соған орай Үкіметке экономиканың барлық саласын жаңғырту үшін жаппай жасанды интеллектіні енгізу қажеттігін тапсырды.

«Алдағы үш жылдың ішінде Қазақстан цифрлық мемлекетке айналуын басшылыққа алуымыз керек. Бұл — айқын әрі өзгермейтін мақсат. Біз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу арқылы экономиканы жаңғыртуымыз қажет. Сондықтан қазіргі құзырлы ведомстваралық үйлестіруді күшейтудің қажеттігін атап көрсетеді. Ғалымдар, инженерлер, кәсіпкерлер мен мемлекеттік қызметшілердің күш-жігерін біріктіру ғана орнықты әрі бәсекеге қабілетті ЖИ-экожүйені құруға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект саласындағы бұл бастама негізінде жүзеге асырылатын жаңалықтар елдің дамуына тікелей әсер ететін өте тиімді жол. Қазір онсыз жаһандық бәсекеге төтеп беру мүмкін емес. Озық технологиялар ұлт дербестігінің кепіліне, экономикалық өсімнің қозғаушы күшіне айналууда. Сондықтан біз Президенттің бұл бастамасын қолдаймыз және Қазақстанды бәсекеге қабілетті ел ретінде танытуға, Еуразиядағы цифрлық хабқа айналуын жүзеге асыруға тікелей атсалысамыз.

Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы мен жаһандық бәсекелестік жағдайында жасанды интеллект (ЖИ) тек автоматтандыру құралы ғана емес, ұлттық тәуелсіздіктің, экономикалық трансформацияның және зияткерлік көшбасшылықтың факторы болып отыр. Мемлекет басшысының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігін құру жөніндегі бастамасы — Қазақстан үшін жаңа көкжиектерді ашатын уақытылы және стратегиялық тұрғыдан дұрыс қадам.

Алайда бұл саладағы табыс тек институционалдық шешімдерге ғана емес, мемлекет, ғылым, бизнес пен қоғам арасындағы терең синергияға да байланысты. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы (ҚР



ЭКОНОМИКАЛЫҚ СЕРПІЛІС ӘЛЕУЕТТІ АРТТЫРАДЫ

ҰҒА) жана министрлік, академиялық қауымдастық, Назарбаев университетіндегі Интеллектуалдық жүйелер және жасанды интеллект институты (ISSAI) және өзге де зерттеу орталықтары арасындағы ведомстваралық үйлестіруді күшейтудің қажеттігін атап көрсетеді. Ғалымдар, инженерлер, кәсіпкерлер мен мемлекеттік қызметшілердің күш-жігерін біріктіру ғана орнықты әрі бәсекеге қабілетті ЖИ-экожүйені құруға мүмкіндік береді.

Негізгі, сын-кәтерлердің бірі — этикалық және құқықтық шеңберлерді қалыптастыру. ЖИ тек мүмкіндіктермен қатар, қауіп-кәтерлерді де алып келеді: алгоритмдердің біржақтылығы, деректердің таралып кетуі, ашықтықтың болмауы. Осыған байланысты жасанды интеллект этикасы жөніндегі Ұлттық кеңесті құру ұсынылады. Оның басты міндеті — нормативтік-құқықтық базаны әзірлеу, алгоритмдердің ашықтығын қамтамасыз ету және азаматтардың жеке деректерін қорғау. Кеңес құрамына ғылым, азаматтық қоғам, бизнес және мемлекеттік органдар өкілдері енуі тиіс, ал оның шешімдері стратегиялық құжаттар мен стандарттарға енгізілуі қажет.

Сондай-ақ халықаралық әріптестікті тереңдету де маңызды бағыт. Қазақстан ЖИ-ді реттеу мәселелері жөніндегі жаһандық диалогке белсенді қатысуға тиіс, әсіресе қауіпсіздік, биотехнология және әскери қолдану контекстінде. OECD AI Observatory, UNESCO AI Ethics, Stanford HAI және Tsinghua AIR сияқты орталықтармен ынтымақтастық Қазақстанға технологиялық ок-

шауланудан сақтануға, елдің жауапты ойыншы ретіндегі имиджін нығайтуға және қазақстандық әзірлемелерді халықаралық аренаға ілгерілетуге мүмкіндік береді.

Ұзақмерзімді технологиялық тәуелсіздікті қамтамасыз ету үшін DeepTech және іргелі зерттеулерге ерекше назар аудару қажет. Қазақ

және биомедициналық модельдеулерге дейінгі күрделі процестерді модельдеумен айналысады. Геоаналитика әдістері, графолық нейрожелілер және мультиагенттік модельдер пайдаланылады, олардың көмегімен нақты уақыт режимінде процестерді болжау мен онтайландыру жүзеге асырылады. Бұл жұмысты DeepBas платформасы толықтырады — ұлттық контекске бейімделген терең білім базасы мен оқыту модельдерін құруға бағытталған қазақстандық бастама. Бұл технологиялар төтенше жағдайларды болжау, табиғи ресурстарды мониторингтеу, су және энергетикалық жүйелерді басқару, сондай-ақ жалпы тұрақты дамуды қамтамасыз ету секілді маңызды міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Бұл жобаға Қытай тарапынан салынатын инвестиция көлемі 1 млрд юань немесе 70 млрд теңгені құрап отыр. Осындай жобалар негізінде еліміздің ғылым саласына тартылатын шетелдік инвестициялардың көлемін арттыру бүгінгі Жолдау барысында Мемлекет басшысының — «Елімізге қомақты инвес-

тиция тарту керек. Қазір дүние жүзінде инвестицияға талас күшейіп барады. Жаңа инвестициялық кезеңді бастауымыз қажет» деген тапсырмасын ҚР ҰҒА іс жүзінде атқаруда.

Осылайша, Қазақстан жаңа кезеңнің табалдырығында тұр — цифрлық тұтынудан технологиялық көшбасшылыққа өту. Жасанды интеллект тек жеке сала емес, ғылымды, мәдениетті, экономиканы және мемлекеттік басқаруды біріктіретін ұлттық стратегияның өзегі болуға тиіс. Дәл қазір



Үкімет дарынды зерттеушілерді қолдау үшін қосымша шаралар қабылдауға тиіс. Білікті мамандарымызды елге қайтарудың тиімді тәсілдерін ойластырып, қолданысқа енгізу керек. Кадр тапшылығын жою үшін көші-қон саясатын да қайта қараған жөн.

тіліне, этномәдени ерекшеліктерге, аграрлық сектор мен экологиялық мониторингке бағытталған қолданбалы және теориялық әзірлемелерді қаржыландыруды арттыру дәстүрлі экономикалық салаларға арналған бірегей шешімдер жасауға жол ашады. Бұл — сыртқы цифрлық платформалар мен алгоритмдерге тәуелділік артып отырған жағдайда ерекше маңызды.

Осы тұрғыда ҚР ҰҒА жасанды интеллекттің озық бағыттарын дамытуға бағытталған бірқатар бастаманы іске асырып отыр. Қытай ғылым академиясының академиктерімен, Чжэцзян технологиялық университетімен және ҚХР-дың жоғары технологиялық компанияларымен бірлесіп құрылған Кеңестіктік-уақыттық жасанды интеллект және тұрақты даму жөніндегі халықаралық бірлескен зертханасы климаттық сценарийлерден бастап, урбанистикалық

институционалдық қайта пішіндеу кезеңінде — қазақстандық ЖИ-экожүйенің орнықтылығын, ашықтығын және жаһандық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін іргетасты қалау айрықша маңызды.

Сонымен бірге Мемлекет басшысы экономиканы жан-жақты жаңғырту жұмыстары адам капиталын дамытуға қатысты жаңа міндеттер жүктейтініне айрықша мән берді. «Ғылым саласында әлі де мемлекеттің үлесі басым. Бірақ бюджет қаржысының қайтарымы әлі де шамалы болып тұр. Жаңа патенттер, технологиялар мен өндірістер сияқты көзге көрінетін нақты нәтиже жеткілікті емес. Инновациялық саясатты Ғылым және жоғары білім министрлігінің құзырына берген жөн.

Министрлік және Ғылым академиясы бірлесіп, ғылыми институттар мен жоғары оқу орындарын үйлестіру ісімен

белсенді түрде айналысуы керек.

Сонымен қатар Үкімет дарынды зерттеушілерді қолдау үшін қосымша шаралар қабылдауға тиіс. Білікті мамандарымызды елге қайтарудың тиімді тәсілдерін ойластырып, қолданысқа енгізу керек. Кадр тапшылығын жою үшін көші-қон саясатын да қайта қараған жөн.

Шетелден елімізді дамытуға үлес қоса алатын мықты мамандарды ұлттың қарамай тарту — өте маңызды міндет. Олардың Қазақстанда қалуына жағдай жасау керек. Себебі бізге білікті мамандар өте қажет. Әсіресе, техникалық мамандықтарды меңгерген өз ісінің нағыз шеберлері керек. Қазіргі тілмен айтсақ, «сапасы жоғары адами ресурстар» қажет. Өйткені білікті, саналы адамдар — ұлттық экономиканың арқауы, ел болашағының кепілі» — деп атап өтті.

Дарынды зерттеушілер, білікті ғалымдар мен мамандарды елге қайтару бағытында Ұлттық ғылым академиясы шетелдік тәжірибені зерделеп, өкілетті органға нақты ұсыныстар берген, бұл ретте талантты жас отандастардың елде қалуы үшін лайықты жағдай, ең бастысы тиісті атмосфера жасалуы қажет, ол дегеніміз — мамандардың әлемдік деңгейде зерттеулер жасауына заманауи құрылғылармен қамтылған материалды-техникалық база, инфрақұрылым қажет, содан кейін бәсекеге қабілетті жалақы мен әлеуметтік қолдаулар.

Мемлекет басшысы алдағы уақытта Қазақстанда бір палаталы Парламент құру мәселесін қоғамдық талқылауға шығаруды ұсынды. Қазақстанда бір палаталы Парламент құру туралы бастама — саяси жүйенің құрылымына елеулі өзгеріс әкелетін қадам. Мұндай модель әлемде кең таралған. Мысалы, Швеция, Дания, Финляндия елдері бір палаталы жүйеде жұмыс істейді. Бұл елдерде бір палаталы парламент заң шығару процесін жеңілдетеді, аймақтық қайшылықтарды азайтады, саяси жауапкершілікті күшейтеді.

Қазақстан үшін бір палаталы Парламент құрудың бірнеше тиімділігін атап өтуге болады: Біріншіден, заң шығару процесі жеделдеп, артық бюрократиялық тосқауылдар жойылады. Бұл, әсіресе реформаларды уақытылы қабылдап, іске асыруда шешуші рөл атқарады. Екіншіден, Парламенттің жауапкершілігі күшейеді. Барлық саяси шешімдер бір ғана палатаға байланысты болғандықтан, депутаттардың қоғам алдындағы есептілігі айқындала түседі. Үшіншіден, қоғам Парламенттің жұмысын ашық бақылай алады, бұл демократиялық легитимділікті арттырады. Яғни, бір палаталы Парламент Қазақстан үшін жылдамдық, ашықтық, үнемділік және саяси жауапкершіліктің артуы сияқты негізгі тиімділіктерді қамтамасыз етеді.


Жалпы, демократия деңгейі жоғары, экономикасы дамыған көптеген елде бұл үрдіс бұрыннан бар. Ал жаңа саяси бастама Жаңа Қазақстанның болашағына да оң өзгеріс әкеледі деп ойлаймын.

**Ақылбек КҮРІШБАЕВ,
ҚР Президентінің жанындағы
ҰҒА Президенті**

13 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

Қазақстанда биылғы инвестицияның басым бөлігі білім, өнеркәсіп пен көлік тасымалына құйылып, салаларға жаңа серпін беріп отыр. Дегенмен экономиканың басты әлсіз тұсы айқындала түсті: мемлекет қаржысына тәуелділік артып барады. Ал кен өндіру саласына инвестицияның бәсеңдеуі тәуелділікті одан сайын ұлғайта түсуі мүмкін. Бұл «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында Мемлекет басшысының назар аударған өзекті мәселенің бірі болатын. Президент өңдеу саласына көбірек қаражат тарту алдымызда тұрған басты міндеттің бірі екенін қадап айтты. «Қажет болса, жоғары технологияларға салынатын инвестицияларға жеңілдік беруге болады. Сондай-ақ мемлекеттің инвестициясы мен жеке бизнестің ірі бастамаларына бірдей назар аудару қажет», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

НАРЫҚ



Елнар КАБА (nolink)

карқыны қайтадан бәсеңдеуі мүмкін.

«Жеті айдың қорытындысы бойынша, ең көп инвестиция білім саласына құйылды – 427 млрд теңге. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 131,3%-ға артық. Мұндай серпін жаңа мектептер салу бағдарламасының арқасында болды. Екінші орында – өңдеуші өнеркәсіп. Мұнда инвестициялар 342 млрд теңгеге жетіп, 38,7%-ға артты. Әсіресе, химия, мұнай өнімдері, азық-түлік, автокөлік жасау салаларында айтарлықтай өсім бар. Үшінші орында – көлік секторы (296 млрд теңге), онда да өсім бар, бірақ былтырғыдай аса жоғары емес. Бұл саладағы шығынның үштен бірі мемлекет қаржысына тиесілі», – дейді маман.

Жылжымайтын мүлік саласына да қомақты инвестиция салынды – 253 млрд теңге. Ол ішкі сұранысты қамтамасыз еткенімен, ұзақмерзімді экономикалық әсері шектеулі. Электр қуаты мен сумен жабдықтау салалары да ілгеріледі: тиісінше 40% және 28%-дық өсім тіркелді. Ал ауыл шаруашылығында көрсеткіш 27%-ға өсіп, сала біршама еңсесін тіктелді.

Ең үлкен құлдырау кен өндіру секторында байқалды: инвестициялар бір жылда 290 млрд теңгеге азайып, 17,9%-ға төмендеді. Бұл, ең алдымен, Теніздегі ірі жобаның аяқталуымен байланысты. Жақын

А Кәмила ДҮЙСЕН

Бүгінде ел экономикасының бәсім қарқыны елдегі инвестициялық белсенділіктің қай салаларда тиімді нәтиже беріп жатқанын айқын көрсетеді. Жуырда Экономика министрлігі еліміздің ЖІӨ биыл тамыз айында 6,5 пайызға артқанын жария етті. Салыстырар болсақ, өткен жылдың осы кезеңіндегі көрсеткіш екі есеге жуық төмен болатын. Бұл – экономикадағы ең маңызды көрсеткіштердің бірі. Әлетте экономиканың қарқынды дамуы компаниялардың табысын арттырып, инвесторлардың тәуекелге бару ниетін күшейтеді. Өйткені сарапшылар қауымдастығы мен инвесторлар сол арқылы экономикалық жағдайдың жалпы деңгейін ғана емес, сонымен бірге өсімге әсер ететін оң және теріс факторлардың жайына қанығады.

ИНВЕСТОРДЫҢ ӨЗ ЕРКІ, ҚАЙДА ҚАРЖЫ ҚҰЙСА ДА...

Соңғы жылдары мемлекетіміз «шикізаттық ел» деген көзқарасты

КАПИТАЛ ҚАЙДА БАРАСЫҢ?

шаршы метр тұрғын үй, ондаған мектеп, балабақша мен аурухана пайдалануға берілген.

Осыған дейін Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғарин алғашқы жартыжылдықта ең көп инвестиция тартылған салаларды атап өткен болатын. Мысалы, білім беру – 3,5 есе, қаржы қызметі – 86,2%, өңдеу өнеркәсібі – 48,9%, денсаулық сақтау – 32,8%, көлік – 16,2%-ға көп инвестиция тарта алған. Оның айтуынша, аталмыш секторларды болашақтың экономикасын құраушы бағыт болып саналады.

Ал Экономикалық зерттеулер институтының сарапшысы Есенғали Байсабайдың сөзінше, еліміз соңғы уақытта тек мұнай-газдан түсетін табысқа ғана арқа сүйіп отырмай, жаңа өндірістерді дамытуға ден қойған. Сарапшы маманда, әсіресе шикізаттық емес салаларға

межелерді бағындырып отыр. Өңделген өнімдер экспорты 18,5 млрд АҚШ долларынан 28,8 млрд АҚШ долларына дейін көтерілсе, жалпы сыртқы сауда айналымы 141,4 млрд АҚШ долларына жетті. Бұл – Қазақстанның тек шикізат емес, қайта өңделген өнім арқылы да әлемдік нарыққа шығуға қадам басқанын көрсетеді», – дейді сарапшы.

Оның айтуынша, еңбек нарығында да оң өзгерістер байқалады. Өйткені соңғы жылдары 700 мың жаңа жұмыс орны ашылды. Жұмыссыздық деңгейі 4,7%-ға дейін төмендеп, халықтың нақты табысы үштен бірге өскен. Мұның барлығы инвесторлар алдындағы ел беделінің жоғары болып қала беруіне сөзсіз ықпал етуде. Қазақстанның халықаралық резервтері 104 млрд АҚШ долларынан асып, беделді Moody's агенттігі 2024 жылы еліміздің рейтингтік болжамын «позитивті» деңгейге көтергені де осы сөзімізге дәлел бола алады.

Алайда сарапшылардың сөзінше, жаһандық жағдай әлі де күрделі. Валюталардың құбылуы, шикізат бағасының қымбаттауы, логистикадағы қиындықтар – бәрі жаңа экономикалық сын-қатерлерге жол ашуы мүмкін. Дегенмен дамушы елдер саудадағы шиеленісті азайтып, өңірлік келісімдерді күшейткен жағдайда, өз экономикасын жылдам қалпына келтіре алады.

ОТАНДЫҚ НАРЫҚТАҒЫ ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР

Шетелдік инвестициясы, ал отандық кәсіптің қаржысы қалай айналуға? Әсіресе, негізгі капиталға салынған инвестициялар елдің өндірістік әлеуетін кеңейту, нарықтағы сұранысты арттырып, инновацияның жақсаруына ықпал ету арқылы экономикалық өсуді ынталандырады. Ұлттық статистика бюросы ұсынған мәліметке сүйенсек, 2025 жылдың қаңтар–шілде айларында Қазақстанда негізгі капиталға құйылған инвестициялар да 16,1%-ға өскен. Алғашқы жартыжылдықпен салыстырғанда атал-



мыш көрсеткіштің қарқыны баяулағанымен, былтырғы жылғы деңгейден айқын алда келеді.

Дегенмен бұл өсімнің басты «қозғаушы күші» мемлекеттік қаржы мен инфрақұрылымдық жобалар. Ал жеке капиталдың үлесі төмендеп, банктердің инвестицияға қатысуы бар болғаны 3,5%-ды құрап отыр. Сарапшылардың айтуынша, мұндай үрдіс жалғаса берсе, ұзақмерзімді тұрақтылыққа қауіп төндіріп, мемлекет иығына ауыр жүк артуы мүмкін.

Halyk Finance сараптама орталығының маманы Санжар Қалдаровтың айтуынша, өткен жылы бюджет қаржысын игеру баяулағандықтан, биылғы серпін салыстырмалы түрде жоғары болып көрінеді. Мұны экономистер «төмен база әсері» деп атайды. Яғни, бұрынғы көрсеткіш төмен болса, қазіргі кез келген өсім шын мәнінде үлкен болып көрінеді. Бірақ бұл артықшылық уақытша ғана. Қазір сол «төмен база» әсері жойылып бара жатыр. Сондықтан жылдың соңына қарай инвестицияның

болашақта осындай ауқымды бастамалардың жоқтығы саладағы жағдайды қиындатады.

Инвестиция құрылымына көз жүгіртсек, қаржының басым бөлігі – 67,7%-ы құрылыс пен ғимараттарды жөндеуге жұмсалған. Ал құрал-жабдық сатып алуға небәрі 27,8% тиесілі. Бұл – инновациялық серпін үшін жеткіліксіз көрсеткіш. Ең бастысы, жеке сектордың белсенділігі бәсеңдеп, экономика барған сайын мемлекет қаржысына тәуелді болып барады. Банктердің инвестициялық үлесі де мардымсыз – 3,5% ғана.

Сарапшылардың пікірінше, мұндай үрдіс қысқа мерзімде өсімді ұстап тұрғанымен, ұзақ мерзімде тұрақтылыққа қауіп төндіреді. Сондықтан Қазақстан үшін алдағы жылдары басты міндет – жеке және шетелдік капиталды тарту, бизнестің жолындағы кедергілерді азайту, ғылыми-инновациялық инфрақұрылымды дамыту. Сонда ғана ел тек дайын технологияларды пайдаланып қоймай, өз өнімін жасап, жаһандық нарықта бәсекеге қабілетті бола алады.

Негізгі капиталға құйылған инвестиция көлемі (2023-2025 жылдар, млрд теңге)



бұзып, жаңа даму бағытын тандағанын көріп те, біліп те жүрміз. Соның ішінде көлік, құрылыс, цифрландыру мен өнеркәсіп сияқты салаларға салынған инвестиция елдің ұзақмерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етіп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашуда.

Сарапшылардың айтуынша, соңғы он жыл ішінде елге 216,7 \$ млрд тікелей шетелдік инвестиция тартылған. Оның 60 пайызы шикізаттық емес секторларға бағытталған. Бұл – елдің жаңа экономикалық саясатты табанды түрде жүзеге асырып отырғанының айғағы. Тек құрылыс саласының өзінде 141 млн

құйылған рекордтық инвестициялар болашақтың кепілі, жаңа жұмыс орындары мен экспорттық әлеуеттің бастауы екенін алға тартты.

Сонымен қатар отандық өңдеуші өнеркәсіп те соңғы жылдары айтарлықтай қарқын алған. «Сала шамамен 50 пайызға өсіп, жалпы ішкі өнімдегі үлесі 10,2%-дан 12,4%-ға дейін артты. Бұл – елдің экономикадағы құрылымдық өзгерістерге бет бұрғанының айқын дәлелі. Ал керісінше, кен өндіру саласының үлесі қысқарып, өндірістің бағыты жаңа сипатқа ие болуда. Экспорт көлемі де тарихи

ӨЗЕКТІ

13 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жуырдағы Жолдауында су мәселесін шешу әлеуметтік тұрақтылықты сақтап, экономиканы дамытудың кепілі екенін нықтады. Бұл – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін басты фактордың бірі. Осы орайда Президент түбі таязда-на бастаған Каспий теңізінің тағдырына жеке тоқтала кетті. Қазақстан жыл сайын теңізден 1,5 миллиард текше метрге дейін су алып, пайдаланады, тұщыландырып ішеді. Қарт Каспий болса, күн сайын тартылып барады.

А Айхан ШӘРІП

Мемлекет басшысы елімізде су мәселесіне жеке мән беріліп, жаңа Су кодексі қабылданғанына, арнайы министрлік құрылғанына екпін түсірді. Бұл мекеменің алдында ауқымды міндеттер тұр. Президент Су ресурстары және ирригация министрлігіне салада қордаланған мәселелерге үстірт қарамай, жұмыспен жүйелі түрде және жан-жақты айналысу керектігін ескертті. Кәсіби кадрларды дайындап, су дипломатиясымен айналысатын мамандарды әзірлеуге тапсырма берді. Себебі, мысалы, Каспийді сақтап қалу үшін оның жағалауындағы барлық 5 мемлекет бірлесе қимылдауы қажет.

Шын мәнінде, су – стратегиялық маңызды ресурс, сусыз өмір жоқ. Президенттің пайымдауынша, бұл сала ұлттық цифрлық жаңғыру жұмысындағы басты бағыттың бірі болуға тиіс. Ресурстарының бірыңғай цифрлық платформасын жасау керек. Онда жасанды интеллект негізінде жерүсті және жерасты сулары туралы мәлімет жинақталады. Жоба іске қосылғанда гидрогеология мониторингі, яғни бақылау жұмысына қатысты мәселе толық шешімін табады.

Осы жұмыс «Ұлттық су теңгерім-балансын» қалыптастыру ісімен қатар жүргізілуге тиіс. Бұл – ұзақ мерзімге арналған су саясатын жоспарлаудың маңызды тәсілі. Онсыз салаға тиісті бақылау орнатып, инвестиция тарту мүмкін емес. Әзірше құзырлы органдарда тіпті елдегі су ресурстарының қолжетімді көлемі туралы нақты мәлімет жоқ.

– Каспий теңізінің тартылып бара жатқаны жұртты алаңдатып отыр. Тиісті шара қолданбасақ, бұл аса үлкен экологиялық апатқа айналуы мүмкін! Сол себепті мен жақында Қытайда өткен Шанхай ынтымақтастық ұйымының кеңейтілген отырысында осы маңызды мәселеге арнайы тоқталдым. Ұйым аясында Су мәселелері жөніндегі орталық құру туралы ұсыныс айттым. Каспий теңізі – бір елдің ғана емес, бүкіл аймақтың тағдырына қатысы бар мәселе. Сондықтан жұмылып әрекет ету қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Осыған байланысты Үкіметке Каспийдің су ресурстарын сақтау туралы мемлекетаралық бағдарлама әзірлеуге кірісу жүктелді. Оны серіктес мемлекеттермен келісу қажет. «Бүгін біз су мәселесі бойынша дұрыс және орынды шешім табатын болсақ, ертен соның игілігін кейінгі ұрпақ көретін болады. Балаларымыз бен немерелеріміздің тағдыры біздің әрекетімізге тікелей байланысты болмақ», – деді Мемлекет басшысы.

ТЕҢІЗ СУЫН ТҰЩЫЛАНДЫРУ БАСТАЛДЫ

Қыңжылтатыны сол, Қазақстан аумағында су ресурстары біркелкі бөлінбеген. Елдегі барлық су қорының үштен бірі – 34,5%-ы Шығыс Қазақстан және Абай облыстарының еншісінде. Тағы 21,2%-ы оңтүстік өңірлерде шоғырланған. Су ресурстарының небәрі 13,4%-ы – батыс облыстарда. Ал ең кедейі – елорда мен оның айналасы: солтүстік облыстарға – 4,2%, орталыққа – бар-жоғы 2,6% тиесілі. Сөйтіп, республикамыздағы көрсармен молынан қамтылған өңір – Шығыс Қазақстан болып отыр: онда әрбір шаршы

КЕЗЕКТЕ ЕНДІ



шақырымға 290 мың текше метр судан келеді. Мысалы, Грузияда бұл көрсеткіш – 878 мың, Қырғызстанда 245 мың текше метрге тең.

Ғалымдардың болжамынша, жердің жылынуы, климаттың өзгеруі және парник газының артуы кесірінен құрлықтарды шетінен шөл басады. Бетін аулақ қылсын, сондай заман туса, шөліккеген халық жаппай шығыс пен оңтүстікке шұбыруы мүмкін.

Су ресурстары министрлігінің мәліметінше, Маңғыстау облысы – елдегі ең шөліккеген №1 өңір. Онда тұщы судың қайнар-көзі жоқ деуге болады. Содан ол негізінен Каспийдің суын тұщыландырып ішеді. Ашық дереккөздердің ақпараты бойынша, бір жыл ішінде Қазақстан карт теңізден түрлі мақсатта 1,5 миллиард текше метрге дейін су алады. Бұл көлем тек арта береді.

2025 жылғы шілде айының басында Маңғыстау облысындағы жаңа зауытта Каспийдің теңіз суын тұщыландыру басталды. «Кендірлі» зауытының құрылысы 30 мамырда аяқталған-тын. «ҚазМұнайГаздың» хабарлауынша, зауыт тәулігіне 50 мың текше метр суды тұщыландыра алады. Бұдан бөлек, «Қаражанбас» кенорнында қуаты тәулігіне 17 мың текше метрді құрайтын тұщыландыру зауыты бар. Жалпы, Қазақстанда суды тұщыландыратын 9 зауыт тұрғызу жоспарланған. Ресми дерек бойынша, бұл жобалардың жиынтық құны 250-300 миллиард тенгеден асуы мүмкін. Елде ауызсу қоры жаппай азайып келе жатқан жағдайда мұндай зауыттар ауадай қажет.

Бір ғана Маңғыстау өңірі тәулігіне 150 мың текше метрден көп су тұтынады. Облыс бұл қажеттілігін Каспийдің суын тұщыландыру және Ресейден су жеткізетін «Астрахан – Маңғышлақ» су құбыры арқылы өтеп отыр. Соның өзінде жазда 51 мың текше метрден көп судың тапшылығы туындайды. Сарапшылардың есептеуінше, суға деген сұраныс көлемі болашақта 300 мың текше метрден асып кетуі мүмкін. Осының бәрі Каспийді сақтап қалудың мемлекеттік деңгейдегі маңызын арттыра түседі.

КАСПИЙ АРАЛДЫҢ КЕБІН КЕШПЕЙ МЕ?

Орталық Азия климаттық қоры (CA Climate Fund) сарапшыларының айтуынша, 20 жылдан аз уақыт ішінде Каспий теңізінің ауданы 34 мың шаршы шақырымнан астамға қысқарды. Салыстырар болсақ, бұл – Африкадағы ең үлкен көлдердің бірі – Танганьика көлінің (32 900 шақырым²), немесе Бельгия (32 545 шақырым²) мемлекетінің аумағынан да үлкен. Бұл аумаққа сондай-ақ әлемдегі 138 шағын ел сыйып кетер еді. Мұның сыртында, Каспий суының сапасы да өзгеріп жатыр: бұрынғы мөлдір таза судан енді орташа ластанған

деңгейге дейін нашарлады, тұздылығы да артты. Кей кезде ғалымдар зиянды заттар шекті рұқсат етілген шамадан да асып түсетінін тіркейді.

CA Climate Fund зерттеушілері теңіздің таяздануының 2 басты себебін атады: біріншісі – антропогендік, екіншісі – табиғи. Өзге теңіздермен тоғыспайтын тұйық су қоймасы болғандықтан, Каспийдің деңгейі оған құятын өзендердің әкелетін суына қатты тәуелді. Су балансына антропогендік әрекеттердің, бірінші кезекте Ресейдің теріс ықпалы зор. Себебі теңізді толтыратын басты өзендер РФ аумағында орналасқан.

РФ Балық шаруашылығы институтының Каспий ғылыми-зерттеу институтының Еділ-Каспий филиалына сілтеме жасап, ТАСС агенттігінің жазуынша, теңізді толтыруға тиіс және Ресей аумағында ағатын өзендер кеуіп қалып жатыр. Мәселен, Еділдің біраз бөлігінде кеме жүрісі дағдарды және бірнеше ресейлік су электр стансасы тоқырады. Бір ғана Еділ бойында асау өзенді бұғаттап, ресейлік 9 су электр стансасы тұрғызылған. Олардың әрқайсысы өз бөгенінде суды бөгейді және каскад бойынша келесісіне суды аз жібереді.

Ресейлік ақпарат құралдарының дерегінше, бүгінде төменгі ағыстағы екі СЭС жұмысын тоқтатты, бірнешеуі толық қуатында істей алмай тұр. Ғалымдардың пайымдауынша, Еділ бойынан ГЭС-тердің бәрін, не басым көпшілігін жойып, бөгендерді ашып жіберсе, Каспийдің деңгейі көтерілер еді. Бірақ соғыс пен санкция жағдайында энергетикалық тапшылыққа тап болған РФ оған ешқашан бармасы сөзсіз.

Екінші фактор, жаһандық жылыну және климаттық өзгеріс Каспий аймағына қатты әсер ете бастаған. Бұл енді бүкіл халықаралық қоғамдастыққа байланысты әлемдік проблема.

– Каспийге ірісі бар, ұсағы бар, шамамен 130 өзен құяды. Алайда 1970 жылдардың басына қарай ірі өзеннің барлығы дерлік реттеліп болды, оларда қаптаған бөген бой көтерді. Каспийдің тартыла бастауы да сол кезеннен бастау алады. Теңізді толықтыратын өзендердің жалпы ағынының 86,1%-ы – жалғыз Еділдің еншісінде. Теңіз тағдырында дәл осы дария ерекше рөл атқарады. Ол болса, суалып барады. Тағы 5,1% суды – Құра өзені, 2,9%-ын – Жайық өзені, 2,4%-ын – Терек өзені және қалған 3,5%-ын басқа өзендер береді. Бұлар да, әсіресе Жайық таяздану үстінде, – деді Орталық Азия климаттық қоры мамандары.

Олар айнадай жарқыраған кең су айдынына және мұхиттан шалғағы орналасуына байланысты Каспий аймағындағы климат жалпы ғаламшарға және оның ішінде Қазақстанға қарағанда әлдеқайда

жылдам қарқынмен жылынып жатқанына аландаушылық білдірді. «Казгидромет» РМК деректері бойынша, 1976-2024 жылдар аралығында орташа жылдық ауа температурасы жер ғаламшарында әр 10 жыл сайын +0,19°C-қа, Қазақстанда +0,36°C, ал Каспий маңы өңірінде бірден +0,51°C-қа жоғарылапты. «Жығылғанға жұлдырық» дегендей, Каспийге төгетін жауын-шашын көлемі қысқарған.

Жауырды жаба тоқығысы келетін кейбір ғалымсымактар мен жауапты шенеуніктер «Каспийді бақылау тарихында теңіз деңгейі бұған дейін де бірнеше рет төмендеп, кейін көтерілгенін» алға тартады. Солайы солай, бірақ бір гәп бар. Мысалы, 1940-1977 жылдар аралығында теңіз деңгейінің төмендеу қарқыны жылына 4 сантиметрді құраған және осы кезеңдегі жалпы төмендеуі 1,2 метр болды. Ал енді 1996-2023 жылдары су деңгейінің құлдырауы орта есеппен жылына 8 сантиметрге жетті және жалпы алғанда 1,83 метрге түсіп кетті.

Яғни, құлдырау қарқыны күрт өскен. 2025 жылдың бірінші жартысындағы жағдай бойынша, Каспий теңізінің деңгейі «биіктіктің Балтық жүйесі» бойынша орташа есеппен -29,28 метрді ғана құрайды. Соның салдарынан теңіздің кейбір жерінде қайрандар көбейген, ол жерде су белден ғана келеді.

Спутниктік түсірілім



2006 жыл



2023 жыл

Ресейдің Мемлекеттік океанографиялық институтының деректері бойынша, 2006 жылдан бері Каспий теңізінің су айдыны 392,3 мыңнан 357,9 мың шаршы шақырымға дейін, яғни 34,4 мың шақырым² қысқарды. Зерттеушілереністе болғандықтан, Каспийдің Иранға, ішінара Әзербайжанға тиесілі оңтүстік бөлігінің суы толықтау екенін айтады. Иран Ислам Республикасында тіпті кей жылдары жағалаудағы елді мекендерді су басады. Тартылып, таязданып жатқаны – Солтүстік бөлігі, яғни Қазақстан, Ресей меншігіндегі жағалау сызығы.

«NASA-ның 2020–2025 жылдарды қамтыған спутниктік мәліметтері көрсеткендей, Каспий деңгейі жылына шамамен 7 см жылдамдықпен құлдырап барады. Бұл – дүниежүзілік мұхит деңгейінің көтерілуінен 20 есе жылдам! Егер осы үрдіс жалғаса берсе, 2050 жылы қарай Каспийдің тереңдігі 5 метрден аспайтын солтүстік бөлігі толықтай құрғап қалуы мүмкін», – деді Орталық Азия бойынша климаттың өзгеруі және жасыл энергетика жөніндегі жобалық офистің басшысы Ерлік Қаражан. Ендеше Аралдағыдай ахуалдың қайталануын жокқа шығаруға болмайды.

Қорыта айтқанда, теңіздің тартылуының екі негізгі факторына Қазақстан көп ықпал ете алмайтынға ұқсайды. Сонымен бірге, Қазақстан Каспийді сақтап қалу үшін оның жағасындағы бес елдің күш-жігерін біріктіре алады. Президент өз Жолдауында Үкіметке бірқатар тапсырма берді. Шенеуніктер биік міндет үдесінен шыға ала ма, белгісіз. Ғалымдар жер астында алып қуыстар көбейе бермеуі үшін теңізіндегі мұнай-газ өндірісін азайту керектігіне де назар аудартады. Бұған енді бюджет тапшылығы өскен Қазақстанның баруы неғайбыл.

ОЙТОҒЫС

13 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

— Бибігүл Ахметқызы, былтыр 95 жас мерейтойыңызға орай Астанада шәкірттеріңіз бен үзеңгілес әріптестеріңіз сахнаны әнге бөлеп, халық ерекше кештің куәсі болып қайтты. Осынау бір ғасырға татитын тағылымды өмір жолыңызға нендей баға берер едіңіз? «Ұтқан» немесе «ұтылған» сәттеріңіз көп болды ма?

— Бүгінде 95 жасқа келсем де, әлі де мені қадірлейтін, сыйлайтын жандар бар екен. Осындай жана-шыр адамдардың арқасында былтыр Астанадағы мерейтойым жоғары деңгейде өтті. Мен ешкімге ренжи алмаймын. Ең басты айтарым, халқым аман болсын деп тілеймін. Қазір елімізде жоғары атак-дәрежеге ие әртіс көп. Дегенмен мен өзімді халықтың шын ықыласына бөленген жанмын деп мақтанышпен айта аламын. Әсіресе, 95 жылдық мерейтойымда сол махаббаттың шынайылығына тағы бір мәрте куә болдым. Құдайға шүкір, биыл 95-тен аттап, 96-ға толғалы отырмын. Халқым әлі күнге дейін хабарласып, хал-жағдайымды сұрайды, бірі өзің сияқты арнайы сұхбаттасуға ниет білдірсе, енді бірі ақ батам мен тәлім-тәрбиеге байланысты ақыл-кеңесімді сұрап жатады. Алла тағала маған қанша ғұмыр бергенін кім білсін? Бірақ мен актық демім үзілгенге дейін үйде жұмыссыз отыра алмайтын жанмын. Қазір консерваторияда кеңесші ретінде еңбек етемін. Екі жылда бір мәрте халықаралық кәсіби әншілер байқауын өткіземіз. Биыл бұл байқауды он үшінші рет ұйымдастырғалы отырмыз. Білген-түйгенімді іште сақтамай, жастарға жеткізуді парызым деп білемін. Бір қызығы, соңғы кеңеске барған уақытта ерекше бір жағдайға тап болдым. Консерватория менің студенттерге кеңес өткізетінім туралы хабарлаған болса керек, сол күні заллық толы отырды. Байқап қарасам, студенттердің арасында хабарландыруды көріп, сырттан арнайы іздеп келген жандар да бар екен. Осы көрініске қарап отырып, біздің еңбегіміз әлі де халыққа қажет екенін түсіндім. Халық өнерді, мәдениетті қалайды екен. Өкінішке қарай, қазіргі Абай атындағы опера және балет театры сахнасында нағыз көшбасшылар болмаса да, жастардың ішінде талапты ұл-қыздар өсіп келе жатыр. Олардың жарқын болашағына кәміл сеніммен қараймыз. Мен мына бір жетістікті ауыз толтырып айта аламын. Қазір театр әншілерінің шамамен 30 пайызы — байқауымыздың лауреаттары болса, ал «Астана Опера» сахнасындағы әртістердің 50 пайызы да сол жобамыздан түлеп ұшқандар.

— Ғұмыр жолыңызда есімі елге елеулі небір тұлғалармен сыйласып, қуанышы мен қайғысына ортақ бола білдіңіз. Солардың бірі — өзіңіз көрші тұрған Дінмұхамед Қонаев атамыз еді. Сол кезеңді еске түсірейікші...

— Иә, Димекенмен кезінде бірекі рет жүздескенмін. Марқұм Ермек Серкебаев екеуміз барып арнайы сәлем беретінбіз. Димекеннің қарапайымдылығы соншама, ол адам үйге кіргенде төрде пандана күтпей, есіктің алдына шығып қарсы алатын. Кейін Дінмұхамед Қонаев тақтан түскен соң бірсыпыра уақыт қысымшылықты бастан кешті ғой. Бір кездері Димекеннің үйіне баяғыдай еркін баруға ешкімге рұқсат берілмеді. Үй алдында жүрген күзетші бізге

Қонаевпен сағат кешкі 20:00-ге дейін ғана сұхбаттасуға болатынын түсіндірді. Ал басқа уақытта кіруге тыйым салынды.

Кезінде маған «Социалистік Еңбек Ері» атағы берілген уақытта ең бірінші хабарласып құттықтаған жан — Дінмұхамед Ахметұлының өзі еді. Сонда Димекен риясыз қуанып: «Құттықтаймын сені! Бақытты бол, игілігімен болсын!» деп тілегін айтты. Дінмұхамед Қонаев партияның бірінші хатшысы қызметін атқаратын уақытта галстук пен костюмін киіп, сықиып отыратын. Өзі денелі адам еді. Бір күні ол маған: «Қызым, сен бойдақтардың шайын ішкің келмей ме?» деп хабарласты. Мен дәл сол сәтте консерваториядағы жұмыстан қайтқан едім, сағат кешкі бесалты шамасы болатын. Жүгіріп жетсем, есік алдынан қарапайым ғана спорттық киім киген, жылы жүзді жан қарсы алды. Әдеттегі ресми киімде отырған Димаш жоқ. Қазір сол кездерде таспаланған естеліктердің біршамасы есімде қалмапты. Әңгіме арасында ол өткен өмірінен сыр шертіп, біраз мәселені қаузыпты. Әуелі Мәскеуде оқуды тәмамдаған соң Балқашқа жіберілгенін, содан кейін Зухра Шәріпқызы келгенін айтты. «Барак үйлерде тұрдық, тұрмыс қиын болды» дейді. Кейін Өскемендегі Риддерге жіберіпті. Сол тұста елде соғыс басталып, өзі окталып майданға аттанғысы келген, бірақ оны «елге қажетсің» деп жібермеген екен. Димекен сұрапыл соғыс кезеңінде 8 оқтың біреуі Риддерден болғанын айтады. Сондай бір жүздесулерімдіздің бірінде мынадай қызық оқиға болған. Дінмұхамед Қонаевтың үйінде үй күтушісі орыс әйел жүретін. Бір кезде Димаш үй күтушісінен: «Сен мұнда кім отырғанын білесің бе?» деп сұрады. Сол әйел мені алғаш көргенде кім екенімді білмей, тек жүзі таныс көрінгенін айтқан. Сонда Димекен: «Бұл біздің аңыз қызымыз, бұлбұл — Бибігүл Төлегенова» дегенде, үй күтушісі шошып кетіп, қолындағы шәйнектегі шайды төңкеріп алды.

Димекен Зухра апамызбен талай қиындықты бірге өткергенін, тұрмыс ауыр болғандықтан, баласыз қалғандарын да мұная еске алды. Жары қайтыс болғаннан кейін біраз уақыт жалғыздықта өмір сүрді. Әрине, мұндай кезеңде оның көңілі құлазиды. Осылай жүздескен уақытта ол үнемі: «Үкімет менің басымдағы қалпағымнан бастап, аяғымдағы шулығыма дейін тегін берді. Зухра Шәріпқызы ауырған кезде барлық пианино, кілем, жиһазымызды балалар үйіне өткіздік. Тапқан-таянған жалақымыз да сонда аударып отырдым. Егер Үкімет маған киімім мен тамағымды беріп отырса, дүние жинағаным не керек?», — дейтін.

ӘКЕМНІҢ ӘНІН ШЫРҚАЙ АЛМАДЫМ

— Бүгінге дейін киелі сахнада талай әнді шырқадыңыз. Бірақ бір сөзіңізде «Менің өмірімде айтыл-

Тарихта арадан талай онжылдықтар өтсе де, есімі ел жадынан кетпейтін, халықтың шынайы сүйіспеншілігіне бөленген тұлғалар болады. Сондай қайталанбас дарын иелерінің келер ұрпақ алдында есімін өшірмей, керісінше, одан сайын биіктете түсетін де сол — халықтың берген бағасы. Осындай абыройлы мәртебеге ие жандардың бірі де бірегейі, есімі таныстырып жатуды қажет етпейтін аңыз адам — Бибігүл Төлегенова. Былтыр қазақтың бұлбұлы 95 жасқа толды. Біз таяуда ғана Бибігүл Ахметқызының шаңырағына арнайы барып, апамызбен сырластық. Тоқсанның толағай биігін бағындырған әншінің мінезі әлі де сондай жайдары, жүзі жадыраңқы.

Бибігүл ТӨЛЕГЕНОВА,
КСРО Халық әртісі:



Ән — ТАҒДЫРЫМ

маған бір ән бар» деп айтып қалдыңыз...

— Әкем сондай өнерлі адам еді. Скрипка мен домбыраны шебер тартып, кең дауыспен ән салатын. Оның орындауындағы бір әннің қайырмасы әлі күнге дейін жадымда:

«Аққу едім-ай көлдегі,
Сұңқар едім-ай шөлдегі,
Амалым бар ма-ау?
Әттең, Тәңірім,
Шөлдедім...»

Өмірімде сахна төрінде талай рет ән шырқасам да, мен шырқамаған жалғыз ән, міне, әкемнің осы әні еді. Әкем бұл әнді домбырамен сүйемелдеп шырқайтын. Қазір кімге айтып сұрасам да, бұл әнді білетін жан табылмады, сол себепті оның ізіне жете алмадым.

— Қиын-қыстау кезеңде әкеніңіздің «халық жауы» ретінде ұсталғанынан хабардармыз. Араға ондаған жылдар салып әкеніңіздің есімін қайта тірілте алдыңыз ба?

— Әкемнің тағдыры мен үшін жұмбақ күйінде қала берген еді. Сол жылы әкем ұсталғаннан кейін оның қайда, қалай кеткенін ешкім дөп басып айта алмады. Кейін семейліктер мен қатонқарағайлықтар маған «Сенің әкең осында қайтыс болған, әкенді осында өлтірген» деп айтатын. Бірақ белгісіз кеткен жанға қайда барып белгі қоярсың... Кеңес Одағы құлағаннан кейін Алматыдағы қазіргі Наурызбай мен Қабанбай батыр көшелерінің қиылысында орналасқан бұрынғы КГБ ғимаратының жертөлесінен ескі архивтерді сыртқа лақтырып жатқанын естідім. Сол уақытта бір дүнген әйел хабарласып: «Бибігүл Ахметқызы, КГБ-нің жертөлесіндегі барлық құжатты далаға

шығарып жатыр. Біз соны жинап жүрміз. Құжаттың ішінен бір тізім көрдік, онда Телегенов А. №43 деп жазылған», — деді. Мен сол сәтте тізімдегі есім әкем екенін сездім. Құжатта 1938 жылдың 11 наурызы деп көрсетілген. Расында, атылған 43 адамның ішінде менің әкем де бар екен. Сөйтсем, әкемнің сүйегі Алматы облысында екен... Кезінде Қабанбай мен Наурызбай көшелерінің бойында атылғандарды Талғардағы мемориал орналасқан аумаққа көмген. Сол маңнан Ауғанстаннан келген ардагерлерге жер берген. Бірақ олар жерді қаза бастаса, адам сүйектері табылған. Ауған соғысының ардагерлері шошып: «Бір метрдің өзінде адам сүйектері толып жатыр» деп ол жерге барудан бас тартқан.

— Қазір Қатон-Қарағай өлкесінде әкеніз тұрған ауыл бар. Кейіннен сол ауылға жолыңыз түсті ме?

— Әкем 1937 жылы Қатон-Қарағайдан кетті ғой. Бірақ әкемнің сүйегі Алматы облысында жатыр екен. Кейін біз Талғарға барып, әкемнің аруағына Құран бағыштап, қой сойдырдық. Әуелде жыл сайын 30 мамыр күні мен аяғымды басып жүре алғанша әкемнің рухына тағзым ететінбіз. Қазір көлікпен көп бара алмаймын, себебі денсаулығым ұзақ жолды көтермейді.

Әкем кезінде Алматыға жол тартып, осында екі жыл білім алып қайтты. Оқуын үздік аяқтап, арнайы орденмен марапатталды. Алайда 1937 жылдың күзі біздің тағдырымызды күрт өзгертті. Сол жылы жазда ауылға оралған әкем қазан айында мені жеті жасымда 1-сыныпқа апарды. Бірде әкем бір ауылға іссапармен кеткенде, оны НКВД адамдары ат-арбаға мінгізіп

әкелді. Үйімізді тінтіп шықты, бірақ ештеңе таппады. Біз ол кезде қызылшамен ауырып, төсек тартып жатқанбыз. Пештің үстінде анам пісіріп жатқан нанның иісі аңқып тұратын. Әкем үнемі қара арғымағына мініп жүретін. Сол күні әкем анама қарап: «Майнұр, сен жылама. Менің ешқандай кінәм жоқ. Жетім өскен адамын, қолымда ешбір байлығым жоқ. Қайғырма, аман-есен оралармын» деп жұбатты. Амаң нешік, әкем сол кеткеннен қайтып оралмады. 25 жастағы жүкті анам алты бала-сымен жалғыз қалды.

1921 жылы ата-анасы аштықта көз жұмғаннан кейін әкем сегізтоғыз жасынан қара жұмысқа жегіліп, кейіннен сол еңбегінің арқасында көтерілген жан еді. Ол қарапайым ауыл диірменшісінен бастап, Қатон-Қарағай аудандық партия комитетінің екінші хатшысы лауазымына дейінгі қызметті атқарды. Біз тұрған өлке шекараға жақын болғандықтан, ол аймақта тұруға рұқсат бермей, Семейге көшуге тура келді. Бірақ мұнда келсек те, қайғы құшағымызды босатпады. Әкемнің жалғыз інісі Мұхамадкерім ауырып қайтыс болған екен. Қайғының артынан қайғы қуып, кішкентай Фатима атты сіндімнің ішіне қызылша түсіп көз жұмды. Тіпті, ол кезде біздің қаралы хабар туралы хабарымыз жоқ. 1940 жылы әкемнің інісі Семей ет комбинатында фабзавкомның төрағасы болып жұмыс істеді. Сол уақытта төрт қабатты үй салынып, тізімге біздің ағамызды да енгізіпті. Үй біткен соң біз сол үйдегі бір бөлмелі шатерге көштік. Біздің балалық шағымыз осында өтті. Бірақ біз үшін балалық шак қуыршақ қуып, еркін

ОЙТОҒЫС

13 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

асыр салып ойнайтын кезең болған жоқ. Күнкөріс қамымен анамызға қолғабыс етіп, ерте есейдік. Анамыз қара жұмыс істеп, бізді солайша адам қатарына қосты. Соғыс басталған соң майданға әуелде ер-азаматтың бәрін алды, кейіннен әйелдерді де әскер қатарына шақыра бастады. Ауылда тек кемпір-шалдар мен балалар ғана қалды.

— **Ән өнері — ұлттың рухани айнасы десек, бүгінгі айна бізді қандай кейіпте көрсетіп тұр?**

— Менің әкем де, анам да музыкаға әуес жандар болған. Әлі есімде, анам әнді қазақтың қоныр дауысымен шырқайтын. Жастық шағымда көптеген халық әнін анамнан үйрендім. Ал әкем болса домбырасын тартып отырып, сырлы әуендер орындайтын. Менің жіңішке дауысым сол

ЕҢ БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ — БІЛІМ АЛУ

— **Өзіңіз білетіндей, қазір өткен мен бүгінгі ұрпақтың айырмасы жер мен көктей. Бұған өркениеттің де айрықша ықпалы бар. Қазіргі буынның тәрбиесіне көңіліңіз тола ма?**

— Жоқ, қазіргі балалардың тәрбиесіне көңілім тола қоймайды. Өйткені бүгінгі буынның өмірі түгелдей дерлік интернет пен гаджетке байланған. Бала телефонның бір түймесін басып, іздегенін таба қояды да, ойланып-толғануға, ізденуге тырыспайды. Көптеген жоғары оқу орнында студенттер ғылыми мақала мен диссертацияның өзін жасанды интеллектінің көмегімен жазып жүр. Мұндай

— **Өмір бойы халықтың қошеметіне бөленген тұлға ретінде «бақытты сәт» деген ұғымды қалай түсінесіз?**

— Бақыт деген — үлкен еңбек, қызым. Қазақта «Біреудің бақыты байдан болады, біреудің бағы еңбегінен болады» деген сөз бар. Соған қарағанда менің бағым өз еңбегімнен болды деп ойлаймын. Мен талай жыл өмір сүріп, қаншама жерде қызмет еттім. Бірақ осы уақыт аралығында мына бөлмеде тұрған роялымнан ешқашан ажыраған емеспін. Халық әндері, классика, жалпы қандай шығарма болсын, барлығын осы аспаптың

Шынында да, өнер адамы ең алдымен халықты сыйлап, халықты жақсы көруге тиіс. Мен қарапайым жұмысшылардың арасынан шыққан адаммын. Сондықтан қарапайым жұмысшының еңбегі қандай екенін жақсы түсінемін. Жастық шағымда шахтаға талай түстім, кеншілердің жұмысын көзіммен көрдім. Архивтегі кейбір суреттерімді қарасаңыз, бір суретте егіншілердің арасында жүрсек, екіншісінен сахнадан шыққаннан кейін шахтердің киімімен отырғанымызды көруге болады. Бұл шағын ғана әуесқой түсірілген суреттер. Олар маңдай терімен қажырлы еңбек еткеннен кейін мен де олардың алдында ұятқа қалмайын деп қызмет ететінмін. Еңбек, еңбек және еңбек. Бақыттың бәрі осында, қызым.

МЕНІ ҚАНАТТАНДЫРҒАН — ҮШ АДАМ

— **Өнер адамы ретінде қалыптасуыңызға ықпал еткен үш әйел туралы айтып қалдыңыз. Олар кімдер?**

— Өмір жолымда мені қанаттандырған үш әйел болды. Біріншісі — жазушы Галина Серебрякова. Ол кезінде белгілі жазушы Максим Горькийдің кеңесімен қаламгерлік жолға түсіпті. Мен көркемөнерпаздардың қалалық байқауына қатысқаннан кейін Галина Серебрякова ерекше қолдау танытқан жан болды. Екіншісі — консерваторияда бес жыл бойы мені білім мен өнердің асыл қырларына баулыған ұстазым — Надежда Самышина. Үшіншісі — Екатерина Ивановна. Ол тағдырымның ең күрделі сәтінде, екі баламды анама аманаттап, өзім қайда барарымды білмей қалған шақта маған өз үйінен орын берді. Бір бөлмелі шағын пәтеріндегі жалғыз диванын ұсынып, үш жыл бойы өз қол астында паналатты. Әрине, мен жалақымның жартысын сол кісіге беріп тұрдым. Халықтың жүрегіне нәр беріп, өнерге деген шексіз махаббатымды оятқан алғашқы осы екі әйелдің арқасында мен де халықтың құлақ құрышын қандырап әнші бола алдым. Мен қашанда жүрген жерімде орыс достарыма «Басына барғанда үш әйелге үш шам қойындар» деп айтып жүремін. Өйткені олардың маған жасаған жақсылығын ешқашан ұмытпаймын.

— **Қазір халық сізді әлі күнге дейін сұлу келбеті сақталған әртіс деп біледі. Айтыңызшы, нағыз сұлулықтың сыры қандай?**

— Мен сұлуым ба? (күлді). Қазақта «Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу» деген сөз бар. Сол айтқандай, мені сұлу деп қабылдайтындар — халықтың маған деген махаббаты мен мейірімінің арқасы шығар. Шын мәнінде, өзімді ешқашан сұлуға балап көрмеппін. Дегенмен халықтың ықыласы мен сүйіспеншілігі сол бейнені менің бойымнан көргісі келетіндей. Сол үшін де мен оларға ризамын, халық үшін сұлу болайын. Уақыт өте келе адамның сыртқы келбеті өзгеріп, табиғи сұлулығы бәсеңдейді. Қазір иығым сырқырайтындықтан, бұрынғыдай шашымды сәндеп, әртүрлі үлгіге келтіре алмаймын. Әрине, сахнаға шығарда өзіңді жинақы ұстауға тырысасың, бұл — көрерменге деген құрмет. Бірақ мен ешқашан бетіме түрлі маска қолданып, күтім жасаған емеспін. Кейбір бетіне қаймақ жақса, бірі таңқурай, енді бірі қияр қойып жатады ғой. Ал мен үшін күнделікті

бетімді сабынмен жуып, жеңіл ғана крем жағу жеткілікті болатын. Қазір өнер адамдарының арасында түрлі пластикалық отаға жүгінетіндер бар. Бірақ оның не қажеті бар? Қартайған соң әдемі қартаю керек. Бетінді түзеткеннен, бәрібір жүріс-тұрысын, қимыл-қаракетін, болмысын — бәрі де сенің шынайы жасыңды әшкере-леп тұрады.

— **Өнермен өрілген өмір жолыңызда «әттеген-ай» деп еске алатын, орындамай қалған арманыңыз бар ма?**

— «Үмітсіз шайтан» дейді халқымыз. Өмірде үмітсіз адам болмайды. Әрине, осынау ғұмырымда жүрек шым етіп, «әттеген-ай» дегізген сәттерім болған. Бірақ қазір оның бәрін ұмыттым. Қанша армандасам да, ол күндер қайта оралмайды. Олай болса, неге мен өткеніммен өмір сүруім керек? Өткенді қайтара алмайтыныңды, болашақта жағдайың қалай боларын болжай алмайтыныңды ұққан сәтте, өткеннің арман-өкініштеріне байлануды доғарасың. Өткен іске өкініп, болашаққа шамадан тыс үміт артып, бүгінгі сәттің қадірін білмей қалуға болмайды. Ертеңіңнің қалай боларын ешкім дөп басып айта алмайды. Сол үшін адамға бүгінмен өмір сүрген абзал. Кезінде Қасым Аманжолов былай деп жырлап еді:

«Жас дәурен,
қызығыңа тоя алмасын,
Ән мен күй,
өлең сені қоя алмасын.
Тірлікте тербелейін,
тебіренейін,
Бір күні кетсем ұйықтап,
оянбасын...»

— **Ел анасы ретінде бүгінгі өскелең ұрпаққа қандай ақыл-кеңесіңізді айтар едіңіз? Неге үйреніп, неден жиренуіміз тиіс?**

— Қандай жағдай болса да, адам баласы ешқашан асқақтап, асығыстыққа салынбауы қажет. Әр істі сабырмен, байыппен атқарған жөн. Бүгінгі қиындыққа толы болса, ертеңгі күн қуаныш сыйлауы мүмкін. Сондықтан өмірдің ауамалы-төкпелі сәттеріне төзіммен қараған дұрыс. Мен әрқашан Жаратқанның бергеніне шүкір айтып отырамын. Өмірде қайғы мен қуаныш қатар жүреді екен. Мен анамды, кейін бауыр етімді болған қызымды жау қойнына тапсырдым, әкемді жоғалттым. Мұндай сәтте жүрек шанышып, жаны егіліп кетсе де, адам өзінің басын жоғалтпасын. Өмірмен қош айтысқан адамға жаның күйіп, өзінді жеп қойсаң да, ештеңемен көмектесе алмайсың. Олардың рухына бағыштап Құран оқытып, май іісін шығару — біздің қолдан келер жалғыз дүние. Қазақ «Әруақ разы болмай, тірі байымайды» деп бекер айтпаған. Адам баласы бұл дүниеде мәңгі жасамайды. Кезінде мен де жас болдым. Жиырмаға жетпей, он сегіз жасымда ет комбинатында жұмыс істеп жүрдім. Арман жетелеп, Алматы қаласына келіп, консерватория табалдырығын аттадым. Көзді ашып-жұмғанша уақыт зымырап өте шығыпты. Халық айтқандай, «қамшының сабындай қысқа» ғұмырда бүгін 95 жасқа келгенімді өзім де аңғармай қалыппын...

— **Әңгімеңізге рақмет, Бибігүл Ахметқызы! Ғасыр жасты бағындырыңыз!**

Сұхбаттасқан

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



әкемнен дарыған болса керек, себебі ол әнді тенор дауыспен шырқайтын.

Ал қазіргі заманға келсек... Шынымды айтсам, қазір менің өнер саласының дамуына қарным ашады. Бізде небір талантты, жақсы әншілер қазір «ыртым-пыртымның» арқасында, қазақ айтпақшы, «ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүретінін» байқаймын. Әннің мәні мен мазмұнына емес, сыртқы жылтырына көбірек мән беретін сияқты. Соның арқасында ақша тауып, күнелтіп жүр. Мен бір сәт өз өміріме қарап, тәубе деймін. Қазір Алматыда үш бөлмелі пәтерде өмір сүріп жатырмын. Ондағы көздің жауын алатын кәдесыйлардың бірде-бірін өзім сатып алмағанмын, бәрі де маған шынайы ықыласпен сыйға келген дүниелер. Бірақ түптің түбінде біз бәріміз жер қойнына кетеміз. Сол байлықтың, сол сыйлықтардың ешқайсысын да өзімнен бірге алып кете алмаймын. Қазіргі жастардың үйлері сән-салтанатқа толы, бірақ менде олай емес. Мен халқыма да, қалама да, тағдыр маған сыйлаған өмірге де ризамын. Құдайға шүкір, қарным ашып, үстім тозып отырған жоқ. Жас кезімде қолымнан келгенше елге көмегімді аямай, біреудің қолын қайтармай өмір сүруге тырыстым. Сол үшін де жүрегім тыныш, көңілім ток.

қауіпті құбылысқа немқұрайлы қарасак, ертеңгі ұрпақ нағыз мәнгүртке айналуы мүмкін.

Қазір төрт шөберем бар, екеуі есейіп қалды. Қайтыс болған кіші қызым Мәриямгүлдің екі немересі бар. Бірінің жасы 22-де, екіншісі — 20-да. Дамира бакалавриатты тәмамдап, магистратураға оқуға түсті, ал ұлы бакалаврда білім алады. Ұлымның қызы Малика Төлегенова қазір «Астана Опера» театрында директордың халықаралық байланыс жөніндегі орынбасары лауазымын атқарады. Әр кезде әлемнің әр нүктесінде іссапарлармен жүреді. Құдайға шүкір, жаман емеспіз. Мен үнемі «Балалардың қолына телефонды бермендер, ұстамасын» деп ескертіп отырамын. Сонда немерем «Әже, біз мектепте телефон қолданбаймыз. Онда қолдануға уақыт та жоқ, мектебімізде телефон ұстауға рұқсат етілмейді» дейді. Солай болуы да керек. Ең басты құндылық — білім алу, ал телефон ешқайда қашпайды. Телефонды білмегеннен ешкім қорлық көрген емес, көрмейді де. Әрине, гаджет, интернет балаға кері әсер етеді. Мысалы, математикадан есепті калькуляторға салып есептеп, жауабын табу тіптен оңай дүниеге айналып кетті. Ең қауіптісі де сол, ол баланы баспен ойлауға үйретпейді. Ең бастысы, баланың ойлау қабілетін дамыту қажет дер едім. Нағыз білім ақыл-ойынды іске қосқан кезде ғана келеді.

пернесін тыңқылдатып, әбден түбіне жеткенше үйреніп отырамын. Міне, бақ деген — осы. Оңай жолмен келген дүние — бақ емес, ол бар болғаны уақытша ғана құбылыс. Менің әжем «Өмір деген дөңгелек қой, айналдырып бір басады. Сен дөңгелектің үстінде-сің, бірде ол сенің үстінде» дейтін. Сондықтан әркез қиындыққа мойымай, төзімді болу керек. Әрине, адам болған соң өмірінде қиыншылық көп болады. «Еңбек етіп жас шақта, білім алсаң, бақ орнайды басыңа нардай шөккен» дейді. Егер жастық шағыңды еңбек етуге арнасаң, есейгенде басыңа нардай шөккен бақ қонады.

— **Сіз үшін өнер — тағдыр ма, әлде таңдау ма?**

— Әр адамның тағдыры өзгеше ғой. Менің тағдырым — өнер. Әжем дүниеге келгеннің бір жақсылығы: «Бір жаманға бір жақсы, бір жақсыға бір жаман, кейде арасында екі жақсы қосылады» дейтін. Менің бағым — өзімнің еткен еңбегімнен. Сондықтан қай кезеңде болмасын, өз еңбегіме ризамын.

— **Кезінде ауыл-аймақты аралау былай тұрсын, тіпті шахталарға түсіп те концерт берген екенсіз. Сізді соншалықты алыс аймақтарға жетелеген қандай күш?**

— Мен бала кезімнен мәдениетті, өнерді шың жақсы көріп өстім. Қазір де сол сүйіспеншілікпен өмір сүріп келе жатырмын.

МӘСЕЛЕ

13 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

Жыл сайын ірі мегаполис Алматыда жаңа оқу жылы жақындаған тұста пәтер бағасы әдеттегіден шарықтай түседі. Тұрғын үй нарығындағы бұл құбылыс әр тамыз-қыркүйек айында қайталанатын әдетке айналған. Еліміздегі іргелі жоғары оқу орындарының басым бөлігі дәл осы шаһарда орналасқандықтан, қыркүйек айының қарсаңында қалаға шабаданын арқалаған мыңдаған студент ағылады. Сондықтан да болар, мегаполисте әлі күнге дейін жатақхана жетіспеушілігі байқалатынын ескерсек, бұл түйткіл пәтер құнының өсуіне де айтарлықтай әсер етіп отыр.

А Алтынай
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

«САБАҚТАН KEЙІН
КУРЬЕР БОЛЫП
ЖҰМЫС ІСТЕЙМІН»

Түркістан облысындағы ауылды аймақтан Алматыға арман қуып келген Диас биыл 2-курста білім алады. Алғашқы курста ол университетке тиесілі жатақханада тұрған. Алайда 2 курсқа өткен соң, Диас орын жетіспеушілігіне байланысты жатақханадан шығарылған. Қазір қала шетінен 4 жігіт бірігіп пәтер жалдап тұрады.

— 1-курста жатақханада тұру — өмір сүруім үшін қолайлы болды. Ай сайынғы шығыным да аз еді. Бірақ 2-курста өткен соң амалсыз пәтер жағалауға тура келді. Баға қымбат, ай сайынғы жалдау құнын ата-анама арта бергім келмеді. Сондықтан сабақтан кейін курьер болып жұмыс істеймін. Әрине, сабақ пен жұмысты қатар алып жүру оңай емес, кейде қатты шаршап қаламын. Бірақ одан басқа амал болмай тұр. Ең қиыны сол, пәтер іздегенде үй иелері «студенттерді алмаймыз» деп кері қайтарып жібереді. Болашақта армандаған мамандығымды меңгеріп, өз пәтерімді сатып алсам деймін, — деді студент.

Диастың күйін кешкен өзге де студенттер жатақханадан орын табыла қоймағандықтан, қала ішінен пәтер жалдап тұруға мәжбүр. Олар бағасы қалтаға тиімді пәтерді көбіне Krisha.kz қосымшасынан немесе Telegram топтардан іздейді. Осыған байланысты біз де аталған онлайн платформаларға тіркеліп, жалға алу нарығын бақылап көрдік. Бірақ байқағанымыздай, Krisha.kz қосымшасына хабарландыру жариялаған жалға берушілердің басым көпшілігі «студенттерді қарастырмайтынын» атап көрсеткен. Ал Telegram желісіндегі 55 мыңға жуық қолданушы тіркелген онлайн чаттарда күн сайын ондаған хабарлама келіп түседі. Мәселен, қыркүйек айының 8-жұлдызында чатта пәтер іздеген 70-тен астам желі қолданушысының хабарландыруы жарияланған. Бірі қала ортасынан арзан бағадағы нұсқаларды іздейтінін айтса, енді бірі пәтер құны қалтаға қонымды болу үшін қасына көрші іздейтінін жазады.

БІЛІМДІ ЖАСТЫҢ базынасы бар



Әсел БАЙТАҚЫЗЫ (қолжазба)

**НАРЫҚТАҒЫ ӨСІМ
ОРТА ЕСЕППЕН
15-18 ПАЙЫЗҒА ЖЕТТІ**

Жақында аталған мәселеге қатысты жалға алу нарығында белсенді қызмет көрсететін компания Krisha.kz өкілдеріне бірқатар сауалымызды жолдадық. Компания өкілінің бізге берген ресми жауабына сүйенсек, 27 тамыздағы жағдай бойынша, бір бөлмелі пәтер шамамен 20 пайызға, екі бөлмелі пәтер 17 пайызға, үш бөлмелі пәтер 22,5 пайызға қымбаттаған.

— Қазір нарықта маусымдық сұраныстың артуына байланысты жалға алу бағасы өсіп жатыр. Бұл құбылыс Қазақстанның ірі қалаларында жыл сайын болады, әсіресе Алматы қаласында айқын байқалады. Сұраныс тамыздың алғашқы күндерінен бастап-ақ артып, біртіндеп күшейе береді. Нарықта арзан пәтерлер азайып, қымбат пәтерлер қалады. Қолжетімді баспананың тапшылығынан жалға алу құны өседі. Қазір нарықтағы өсім орта есеппен 15-18 пайызға жетті, — деді компания өкілдері.

Алматыда қазір жалға берілетін пәтерлердің орташа құнына келер болсақ, бір бөлмелі пәтерлер 240 000 теңге, ал екі бөлмелі пәтер 350 000 теңгеге дейін жетеді. Ескерелік, бұл орташа құны ғана. Әрі қарай жалға алу нарығындағы баспана бағасының қалай «ұшатынын» осыдан-ақ бағамдай беріміз.

— Қазір Алматы қаласының Алмалы ауданында баға айтарлықтай өсті. Ең аз өсім Медеу мен Түркісіб аудандарында тіркелген. 1 шаршы метр тұрғын үйді жалға алу бойынша жағдай келесідей: Бостандық — 7 000 теңге, Медеу — 6 667 теңге, Алмалы — 6 581 теңге, Әуезов — 5 682 теңге, Наурызбай — 5 000 теңге, Жетісу — 5 000, Ала-тау — 4 800 теңге, Түркісіб — 4 600 теңге, — деді компания мамандары.

Риэлтор Саяжан Мұханова жалдау құнының динамикасы қыркүйек пен қазан айларында жоғары

болатынын айтады. Оның болжамынша, баға қыста біршама тұрақталғанымен, инфляция мен коммуналдық төлемдердің қымбаттауына байланысты ақырындап өсе береді. Сондай-ақ риэлтор қазір жалға алу нарығында студенттерге жеңілдік жасаудан гөрі, бағаны көтеру тенденциясы басымырақ екенін атап өтті.

— Әр жыл сайын қыркүйекте сұраныс артқандықтан, пәтер бағасы бірден 10-20 пайызға дейін өседі. Бұл уақытша болса да, нарықтағы жалдау құнын көтеріп жібереді. Иә, кей жағдайда жалға берушілер студенттерді қарастыра бермейді. Пәтер иелері олардың төлемді уақытылы жасамауынан немесе көршілермен шу шығаруынан қорқады. Бірақ бұл мәселені шешудің жолы бар: ата-анасымен бірге келісімшартқа отыру, алдын

қадам кейіннен үлкен тәуекелге апаруы мүмкін.

— Жалға беруші мен студент арасында көбіне қарапайым жалдау келісімшарты жасалады. Онда ай сайынғы төлем, мерзім, екеуара шарттар жазылады. Ал келісімшартсыз кірген студент үлкен қауіпке барады. Себебі пәтер иесі студентті кез келген күні шығарып жіберуі мүмкін немесе төлеген ақша қайтарымай қалуы ықтимал, — деді С.Мұханова.

**«ЖАТАҚХАНАДАН ОРЫН
БЕРІЛЕДІ ДЕП
АЛАНСЫЗ ЖҮРДІК»**

Ақтөбелік Нағима ханымның (ред — есімі өзгертіліп берілді) қызы биыл Алматыға мемлекеттік грант негізінде оқуға түскен. Тамыз айының соңында жатақханада тұ-

Пәтер жалға алу кезінде келісімшарттың болуы — студент үшін ең басты қорғаныс құралы. Өкінішке қарай, кейбірі ресми шартқа мән бермей, иесінің сеніміне сүйеніп әрекет етеді. Бірақ бұл қадам кейіннен үлкен тәуекелге апаруы мүмкін.

ала бірнеше айға төлем жасау немесе риэлтор арқылы ресми шарт бекіту. Сонда жалға берушілер де студенттерге сеніммен қарайды. Пәтер берушілер негізінен студенттерге жеңілдік жасай бермейді, керісінше, сұраныс көп болған соң бағаны арттырады. Бірақ кейбір пәтер иелері ұзақ мерзімге жалға алатын студенттерге аз көлемде болса да жеңілдік жасайды, — деді риэлтор.

Пәтер жалға алу кезінде келісімшарттың болуы — студент үшін ең басты қорғаныс құралы. Өкінішке қарай, кейбірі ресми шартқа мән бермей, иесінің сеніміне сүйеніп әрекет етеді. Бірақ бұл

ратын студенттердің тізімі белгілі болған. Осыған дейін 1-курс студентіне орын берілетініне іштей сенімді болып, артық уайымсыз жүрген ата-ананың тізімде қызының есімі жоқ екенін көрген бойда, ойы сан-саққа жүгірген.

— Қызым биыл Алматы қаласына грантка оқуға түсті. Жатақханада тұру үшін онлайн өтінім жібердік. Университетке барып, барлық қажетті құжатты тапсырып, ауылға қайттық. Қызым биыл 1-курс оқитын болған соң, оларға міндетті түрде жатақханадан орын беріледі деп алансыз жүрдік. Ауылда қызымның жатақханасына қажет заттарын алып бастадық.

Ақыры көп күттіріп, жатақханада тұратын студенттер тізімі жарияланды. Ал біз тізімде жоқпыз. Қызым ғана емес, оның сыныптастары да жатақханаға ілінбеген. Сабақтың басталуына бірер күн ғана қалды, студенттер не істейді? Бізге жекеменшік жатақханаларды ұсынды, алайда онда орын бірден толып қалды, — деді Нағима ханым.

Студенттің анасы мегаполистегі пәтер құнының бағасын естігенде «төбе шашы тік тұрғанын» айтады. Себебі қалаға енді ғана үйренісіп бастаған әрі тұрақты жұмысы жоқ алғашқы курс студенті үшін бұл баға қалтаға салмақ салады. Бірақ амалдың жоқтығынан ата-ана енді ай сайын пәтер ақысын төлеуге мәжбүр.

— Жатақханадан орын берілмегендіктен, амалсыздан пәтер іздеуге көштік. Туысқаным қаланың ішінен 6 қызға арналған жақсы нұсқа тапқанын, бағасы 450 000 теңге, одан бөлек 300 000 теңге депозит төлеу қажет екенін айтып хабарласты. Қала ішіндегі бір бөлмелі пәтер бағасы 300 000 мың теңге, онымен қоса 200 000 теңге депозиті болады екен. Шыны керек, мұндай бағаны естіп жағамды ұстадым. Қазір қызым құрбыларымен бірге 250 000 теңгеге пәтер жалдап тұрып жатыр. Пәтер иесі студенттерден алдын ала 100 000 теңге депозит ақысын сұраған, — деді студенттің анасы.

**34 ЖАТАҚХАНА
ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛГЕН**

Біз осыған дейін де жатақхана салу және орын тапшылығы мәселесін шешу бойынша Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасына сауалымызды жолдаған едік. Басқарма мәліметіне сүйенсек, шаһарда студенттік жатақханалардағы орын тапшылығын азайту жөніндегі жұмысты тиімді үйлестіру мақсатында Алматы қаласының әкімдігі мен Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі бірлесіп, 2023 жылы студенттік жатақханалар салу жөніндегі жобалық кеңсені іске қосқан. Кеңсе жұмысын бастаған уақыттан бері қаладағы студенттерге арналған 34 жатақхана пайдалануға беріліпті. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде студенттерге арналған жатақхана орындарына сұраныс төмендеп, бастапқы 32,7 мың орыннан 23,7 мың орынға дейін қысқарған.

«Алматы қаласын 2025 жылға дейін дамыту бағдарламасы және 2030 жылға дейінгі орта мерзімді перспективаларды» Жол картасын жүзеге асыру аясында биылғы жылдың соңына дейін 6 049 орынға арналған 15 нысанды пайдалануға беру жоспарланып отыр, — деп атап өтті Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының баспасөз хатшысы Мейіржаран Келемеденов.

Бүгінде Алматыда 128 студенттік жатақхана мен 60 жеке хостел орналасқан. Бірақ бұл көрсеткіш екі миллионнан астам тұрғыны бар мегаполис үшін аздық етеді, яғни қажеттілік бұдан да көп. Жатақхана тапшылығын шешу бірнеше тараптың, дәлірек айтсақ, мемлекет, университет және нарық өкілдерінің бірлескен әрекетін қажет етеді. Себебі білім алуға келген жастардың уақыты мен күшін пәтер іздеп, қара жұмысқа жегілуге емес, маман болып қалыптасу жолына жұмсағаны әлдеқайда маңызды.

БІЗДІҢ СҰХБАТ

13 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ



қазақ жастарының санасын серпілткен «жайдарман» сахнасынан шыққан таланттардың ішінде өз дара жолын тапқан тұлғалардың бірі - хамит ердехан. ол күлкі мен ойды қатар өрген өнер иесі ғана емес, қоғамның өзекті мәселелерін қозғап, жастарға ой салатын контент жасаушы ретінде де танылып келеді. оның «кітапхан» подкасты қазір көптеген тыңдарманның сүйікті алаңына айналды. подкаст - жай әңгіме емес, жастардың қазақ әдебиетіне деген махаббатын оятатын орда. біз хамит ердеханмен сұхбаттасып, әзіл мен ой, сахна мен қоғам жайлы әңгімелестік.

Хамит ЕРДЕХАН,
«Кітапхан» жобасының негізін қалаушы:

«Жайдарман» – ИМПРОВИЗАЦИЯНЫҢ ОШАҒЫ

— Сізді халық «Жайдарман» ойындары арқылы таныды. Жалпы, «жайдарманға» қалай келдіңіз?

— «Жайдарман» ойындарына студент кезімде келдім. Мектепте «Шаншар», «Бауыржан шоуы» әзілдерін көріп, оны мектеп сахнасына қайталап қойып жүрдік. Ешкім бізге сахнаға шығып өнер көрсетіндер демесе де, бала көңіліміз сол бір іске құштар болды. Сол әзілді түсініп, күлетінбіз. Кейін Астанаға оқуға түстім. Академияның «Жұмыр» деген «жайдарман» командасының ойынын көріп, қазақша КВН-ге көңілім ауды.

— 2010-2016 жылдары «Жайдарман» ойындары үлкен бұқаралық сипат алып, шарықтап тұрған кезі еді. Одан кейін көңілді тапқырлар алаңы ашылып, жастардың тағы бір қозғалысы басталды. Жалпы, қайсысын алып қарасақ та, әзіл сахнасында бой көрсеткендер қазір қазақ руханиятына үлес қосып жүр. Көпшілік арасында да танымал. Мұның себебі неде?

— Біздің оқып, теориялық түрде жеткен жетістігімізге қарағанда, тәжірибемен келген жетістігіміз көп. Қазақ «көре көре көсем бола-сын, сөйлей сөйлей шешен бола-сын» деп бекер айтпаған ғой. Сахнада жүріп аз уақыттың ішінде көп образға кіріп, сценарийдің ішінде ойнап жүргеннен кейін шығар, «Жайдарман» ойнаған жігіттердің ойлау креативі ұшқырла болады. Өйткені «Жайдарман» — импровизацияның ошағы. Сахнада әзіл тауып, сол жерде сөз тауып алған сәттер көп болды. Мен әзіл ойнап жүргенде «Жайдарман» ойындары «Қазақша КВН» деп аталатын. Ол уақытта не ойнайтынымызды қойып-қойып алып, қалған әзілдерді сахнада аяқастынан шығаратынбыз. Ондай әзілдер де қызық болады. Бүгінде кинода, медиажобаларда да жайдарманшылардың көптеп жүргені — олардың сол бейімділігінің арқасы. Әбден машықтанып, қолына ешкім диплом бермесе де, осы саланың нағыз маманына айнала алды. Жайдарманшылар — өнердегі кез келген салаға оң иығын беріп тұратын жігіттер. Сахнаны қатты сүйетіндер әлі де

сол өнер саласына адал еңбек етіп келеді.

Дегенмен «Жайдарманда» көп адам ойнады. Оның барлығы өнер адамы, өнерге ғашық жандар, руханиятқа барлығы үлес қосып жатыр деп айту қиын. Әркімнің өз талғамы мен бітімі, мақсаты бар. Біреудің жан дүниесі шынымен де сахнаға ғашық, өнер жолын өлердей сүйеді. Енді біреулері көптің бірі, бірдененің кірі болып ілініп-салынып жүре береді. Сол сияқты әркімнің өз өмір танымы, алға қойған мақсаты көп нәрсені шешеді.

— Ал сол кездегі әзіл мен бүгінгі әзілдің сапасында айырмашылық бар ма?

— Жақсы әзіл қай заманда болса да сапасын жоғалтпайды. «Жақсы әзіл жазылған кезде де, айтқан кезде де қызық» деп бір ағамыз айтып еді. Міне, осындай әзілдер сәтті шығады. Оны қай ғасырда оқысаң да, қай ғасырда тыңдасаң да өз сапасын жоғалтпайды.

— Сіз «Жайдарманда» да, КТА-да да ойнадыңыз, жұмыс та істедіңіз. Сахнада цензура болуы керек пе? Болса қандай?

— Біз сахнада жүрген кезде ешқандай шектеу болған жоқ. Тек бір жылдары ешқандай орысша сөз қоспай, тек қазақша әзіл айтуға қатаң қарады. Одан кейін сол анайы сөйлемей, боктамау, белден төмен сөз айтпау сынды ережелер бар. Ал «Жайдарманда» да, КТА-да да саяси әзілдер ойналып жүр. Ешкім келіп шектеу айтқан емес.

— Қазір «Кітапхан» подкасты жастар арасында кеңінен танымал. Әсіресе, қазақ әдебиетін оқып көрмегендер мен кітапты серік етпейтіндер осы подкасты сүйіп тыңдайтынын жиі естіп жүрміз. Подкастың негізгі мақсаты қандай? Жобаның басталуына не түрткі болды?

— Мен баяғыдан кітап оқығаннан кейін ойымды балаларға айтып жүретінмін. Кітаптағы қызықты оқиғаларды әңгімелеп беретінмін. Қасымдағы достарым таңырқап, қызығып қарайтын. Жоба авторы — жанымда жүрген інім Еркебұлан Бердалиев. Ол менің кітап оқитынымды, қалай сөйлейтінімді біледі. Менің әлеуметтік желідегі, өмірдегі мақсатым «қоғамға пайдамды тигізбесем де,

зиянымды тигізбеу». Жеке өзімнің қара басым мен қарным үшін емес, қолымнан келгенше пайдамды тигізу. Мені экранның арғы жағынан көріп отырған іні-қарындастарым жаман әдет емес, жақсылық үйренсе екен деймін. Артымыздан өсіп келе жатқан жастарға жаман жақтан үлгі болмасам деймін. Бұл менің жеке мақсатым ғана емес, «Кітапхан» подкастындағы мақсатым да — осы.

Подкастың алғашқы түсірілімін жасаған кезде «кім көре қояр дейсің» деп жобаның болашағына сенбедім. Өйткені мен Instagram-ға 2013 жылдан бері кітап төңірегіндегі ойларымды, поэзияларды саламын. Бірақ көп ешкім қарамайды. Өйткені аудиторияның сұранысы басқа арнаға бұрылып кеткен. Бірақ карантин кезінде де кітапты насихаттауымды тоқтатқан жоқпын. «Кітапхан» подкастын шығармас бұрын, бірінші техникалық кеш жасап, көрермен-

— Ал өзіңіз кітаппен қай жастан бастап доссыз? Ең жақсы көретін авторыңыз кім?

— Кітапты оқушы кезімнен бастап қызыға оқимын. Ең алғаш ертегілерден бастап оқыдым. Мектеп қабырғасында өлең де жазатынымын. Мүмкін, кітап оқуға құмарлығым табиғи болмысымнан да шығар. Мұхтар Шаханов пен Шыңғыс Айтматовты ерекше жақсы көремін.

— Оқырман ретінде қазіргі қазақ әдебиетінен не күтесіз?

— Қазақ әдебиетінен ештеңе күтпеймін, тек жақсылық тілеймін, «солай болса ғой» деп армандаймын. Шынайылық пен әділдік, адалдық ізден, осы қасиеттер жан дүниесін саялаған жазушылар қазақ әдебиетіне келсе екен деп тілеймін. Шынымен-ақ қазаққа жаны ашитын азаматтар ұлт үшін деп шығарма жазып қалдырса деп армандаймын. Қазір жұрттан гөрі

онай емес. Соларды оқып алғаннан кейін арғы жағын көрерміз. Мүмкін, елі үшін, ұлты үшін жаны жабырқап, жүрегі шырылдап қалам тербейтін ақын-жазушылар шығып та қалар. Менің күтетінім — сол шындық, ақиқат, әділдік, елге деген махаббат. Мұхтар Шаханов сияқты жүрегіне осы сезімдер ұялаған жазушы шықса деп үміттенемін.

— Жақында «Келінжан» телесериалына түстіңіз. Бұл кинодағы алғашқы дебютіңіз бе? Ондағы образыңызды «Қылышбектің көшірмесі» деп жатқандарға не дейсіз?

— Жоқ, «Келінжанның» алдында да телесериалдарға түсіп жүрдім. Былтыр үлкен екі киноға түстім. Продюсер Гүлнұр Мамасарипова «Келінжанға» түсуге шақырғанда Қылышбекпен бірге бір сахнада ойнайтын шығармыз деп ойлады. Өйткені Рүстем Жаныаманов — жақсы көретін актерім. Кино түсірілімі басталғанда өз сахналарыма түстім де, қайттым. Бұл жерде «Қылыштың рөліне таласу» деген ой да болған жоқ. Адамдардың не айтып, не жазып жатқанын оқымаймын. Ондай негатив пікірлерді оқыған кезде маған әсер етпейді. Себебі менің өз ұстанған бағытым мен мақсатым бар. Ол жерде мен Қылышбектің рөлін ойнағаным жоқ. Қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ беретін Рахман ағайдың рөлін сомдадым. Режиссерден біткеннен кейін «көңіліңізден шыға алдым ба?» деп сұрап едім, өз ризашылығын білдірді. 6-маусымға Рүстем Жаныамановтың түспейтінін кейін білдім. Білген жағдайда да маған ол әсер етпейтін еді. Себебі мен түсірілімге біреумен жарысу үшін, рөлге таласу үшін барған жоқпын. Керісінше, «мұғалімнің рөлі» дегенде қуанып бардым. Өмірде оқушыларға ақыл айта алмасам да, кинода айтып қалайын дедім. «Келінжанға» түскеніме өкінбеймін. Алдағы сезондарына шақырса тағы да түсемін. Ал халық болған соң әртүрлі пікірдің айтылатыны да анық.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Көктем ҚАРҚЫН

Мені экранның арғы жағынан көріп отырған іні-қарындастарым жаман әдет емес, жақсылық үйренсе екен деймін. Артымыздан өсіп келе жатқан жастарға жаман жақтан үлгі болмасам деймін.

мен отырып, бұл дүниенің қоғамға пайдалы екеніне көз жеткіздік.

— Подкастта айтқан кейбір ойларыңыз бен сөздеріңізді әлеуметтік желі қолдаушылары қағып әкетіп, трендке айналдыруда. Тіпті, кейбір көрермен сізді «бүгінгінің Омар Хаямы» деп атайды екен. Бұған қалай қарайсыз?

— Қазір подкаст өз аудиториясын тауып, жұрттар көре бастағаннан кейін «біздің мақсатымыз — жұртқа рухани азық беру» деп өтірік көпіретін ештеңесі жоқ. Мақсатым — жоғарыда айтқандай, қоғамға зиянымды емес, кішкентай да болса пайдамды тигізу.

өзін ойлайтын, танымалдылық пен атақ үшін кітап жазатындар көбейді. Олар ертең сұхбат бергенде «ел игілігі үшін» деп те ұялмай айтады. Ал жазғанын ашып қарасаң, шындықтың көлеңкесін де көрмейсің. Көп кітапты оқып, саралағаннан кейін де шығар, қазіргі жазушылардың кітабын оқығанда мақсатын бірден байқап қоямын.

Ал мен қазақ классиктерінің өткен ғасырда жазып кеткен шығармаларын оқып біткенше де біраз жасқа келетін шығармын. Өйткені 1950 жылдар мен 2000 жылдардың арасында жазылған том-том кітаптардың санына жету

13 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

МҰРА

АШТЫҚТА
БІР АУЫЛДЫ АСЫРАҒАН

А Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

Ауыл тұрғындарын қиын-қыстау кезеңнен Данай Байболұлы есімді қария аман алып шыққан. Ол Талас аудандық тарихи-өлкетану мұражайында 35 жылдан бері сақталып келе жатқан мылтығымен аң аулап, бүтін бір ауылды асыраған.

Данай ақсақал 1879 жылы Майтөбе ауылында дүниеге келіп, 1975 жылы 97 жасында өмірден озған. Ашаршылық жылдары ол 51 жастағы ел ағасы болған. Өзі құралайды көзге атқан мерген болғандықтан, аңшылықтан ешқашан құр қол қайтпапты.

Баймырза есімді замандас досы екеуі тауға барып аркар, елік, тау ешкісін атып әкеліп, өздері де азық етіп, ауыл тұрғындарына да үлестірген. Осы екі азаматтың аңшылық қасиетінің арқасында бір ауыл ашаршылыққа төтеп бере білген. Әрине, зұлмат жылдар болған соң, кейбір тұрғындар аштықтан бақилық болған да шығар. Алайда ауылдастарының дені Данай қарияның аңшылығының арқасында аман қалған.

Баймырза қарияның немересі Жомарт қазір Майтөбе ауылында тұрады. Жомарт та аңшы. Ал Данай қарияға келсек, көптің тілеуімен көп жасаған кісі. Оның ғасыр жасауы ашаршылық кезінде аман қалған халықтың тілеуі шығар. Жаратқан осы жақсылығына ұзақ ғұмырды жазған да болар.

Данай ақсақалдың баласы Тұрсынбай, Тұрсынбайдың баласы Наркозы. Наркозы Новосібір қаласында білім алып, қызметпен сыртта жүрген азамат. Осы Наркозы Данаевтың немере інілері мылтықты

1990-жылдары аудандық тарихи-өлкетану музейіне өткізеді. Наркозы баласы Асқарға үнемі тарихи мылтық жайлы айтып отырған. «Сенің арғы атаң Данай қарттың мылтығы Талас аудандық тарихи-өлкетану музейінде тұр» деп құлағына құя берген.

Былтыр Асқар Данаев арғы атасы Данайдың мылтығын музейге барып, арнайы көрген.

«Мен Данай қарттың шөбересімін. Аңшылық деген — үлкен өнер. Ашаршылық жылдардың қандай ауыр болғанын білесіздер. Сол қиын жылдарда арғы атам бір ауылға қорған болғанын мақтан етемін. Атамның сол кезде қаруы болған осы мылтық маған өте ыстық. Музейге келушілерді де тарихымен қызықтырады деген ойдамын. Мен де аңшымын. Қазір, әрине жағдай баска. Тек өз қызығушылығымыз үшін аңға шығамыз. Данай атамның аңшылық қасиеті маған қонған. Оған шүкірлік етемін», — дейді Данай қарттың шөбересі Асқар Наркозыұлы.

Талас аудандық тарихи-өлкетану музейінің директоры Ербол Қашағанның айтуынша, мұражайда тұрған мылтық көпшіліктің ерекше қызығушылығын туғызады екен.

«Қиын заманда бір ауылды жалғыз мылтықпен асыраған Данай атамыз қандай мықты. Бұл нағыз сауапты іс, үлкен ерлік.

Бүгінде мұражайда тұрған мылтыққа қызығып, тарихын білгісі келетіндер көп. Біз тарихи жәдігердің тарихын мақтан тұтып баян етудеміз», — деді Ербол Қашаған.

Иә, нәубет жылдары бір ауылды бір мылтықпен асырау — ерлік іс. Негізі, Жамбыл облысында бір ауылды қыран бүркітпен асыраған ақсақал туралы да естігенбіз. Шу ауданы Абай ауылының

«**Қиын заманда бір ауылды жалғыз мылтықпен асыраған Данай атамыз қандай мықты. Бұл нағыз сауапты іс, үлкен ерлік. Бүгінде мұражайда тұрған мылтыққа қызығып, тарихын білгісі келетіндер көп. Біз тарихи жәдігердің тарихын мақтан тұтып баян етудеміз**

тұрғыны Жайсан Тілеужанұлы қарияның әкесі қолына құс қондырған азамат болған екен. Міне, осы қария ашаршылық кезінде бүркітімен аң аулап, олжасын ауыл тұрғындарымен теңдей бөлісіп отырған. Осылайша, бүтін бір ауылды бір қыран құс асырағаны туралы аңызға бергісіз әңгіме ел аузында жүр.

Тарих — өткеннің ізі. Ал өткеннің өлшемінде талай ерлік пен өрлік жатыр. Қиын қыстау кезеңде халқына қол ұшын созған жоғарыда айтылған қариялардың ерлігі ұрпаққа ұран, бүгінге өсиет.

ДАМУ

Бүгінде Тараз қаласында жаңа саябақтар мен демалыс орындары көптеп ашылып, көпшіліктің көз айымына айналуда. Міне, сондай демалыс орны саналатын «Үшбұлақ-2» жағалауы осыдан үш жыл бұрын ел игілігіне қызмет ете бастаған болатын. Алайда уақыт өте жағалау суы балдырға толып, қолқаны қабатын иіс те шыға бастаған. Осы мәселені жергілікті билік түбегейлі шешу мақсатында тың жобаға жан үрлеп отыр.

ТАРАЗДАҒЫ ТЫҢ ЖОБА



Жобаның негізгі бағыты — су айдынына мыңнан астам ақамурдың жіберілуі. Жоба «Алтын бұлақ» балық шаруашылығы мен «Жасыл Ел-Тараз» мекемесінің бірлесуімен жүзеге асуда. Мақсаты — каналдың экожүйесін сақтау, судың сапасын арттыру және табиғи тепе-теңдікті қалпына келтіру.

«Жасыл Ел-Тараз» мекемесі директорының орынбасары Айдын Бейсековтің айтуынша, ақ амур балдырларды азық ететін, су айдындарын табиғи түрде тазартатын ерекше балық екен. Сондықтан оны «су қоймасының нағыз санитары» деп атайды.

— Ақамурдың көбеюі судың сапасын арттырып қана қоймай, басқа да балық түрлерінің өсіп-өнуіне қолайлы жағдай жасайды. Балдырдан арылған су мөлдір әрі таза күйінде сақталып, табиғи тепе-теңдік орнығады. Бұл — тек табиғатты қорғау шарасы емес, тұрғындардың жағалау маңында демалуға қолайлы жағдай туғызуға қосылған үлес, — дейді Айдын Жаркынбекұлы.

Мамандардың сөзіне сүйенсек, ақ амурдың бір ғана басы жылына 30-40 келі балдыр жеп, су экожүйесінің тазалығын қамтамасыз етеді. Сондықтан мыңнан аса балықтың жіберілуі жағалаудың болашағын қорғаудың маңызды қадамы болып отыр.

Дегенмен жергілікті билік пен табиғат жанашырларын алаңдататын мәселе — балықты заңсыз аулаушылардың көбеюі. Сондықтан су айдынына жіберілген балықтарды қорғай отырып, жағалауды таза ұстау — әрбір тұрғынның борышы. Тек осылай «Үшбұлақ» табиғатының әсем келбеті ұзақ жылдар бойы сақталып, қала тұрғындары мен қонақтарына демалыс пен тынығудың керемет орны бола берді.

Қазір «Үшбұлақ-2» жағалауы тек демалыс орны емес, әрбір тұрғын үшін табиғатты қорғаудың символына айналды дейтіндер көп.

— «Үшбұлақ» жағалауына балықтар жіберді дегенді естігенде таңғалдым. Қала ішіндегі жасанды су айдындарына балық жіберіпті дегенді бұрын құлағым шалмапты. Оған қоса, билік өкілдері бағалы ақ амур балығы деп отыр. Ол балықтың балдыр жеп, су айдынын тазартатындығы да қызықтыруда.

Жасыратыны жоқ, «Үшбұлақ» жағалауы алғаш ашылғанда бір уақыт тыныстап, демалуға таптырмайтын орын бола-



тын. Кейін суы балдырға толып, жағымсыз иіс те шыға бастады. Содан халық онда баруды қойған. Енді міне, билік осы мәселені қолға алғанын естіп, қатты қуанып отырмын, — дейді қала тұрғыны Әсел Қойшыбаева.

«Үшбұлақ-2» жағалауының айналасында қазір кәсіпкерлік нысандар да көптеп бой көтеруде. Бұл демалыс орнының болашағын баянды ететіндігі сөзсіз.

— «Жеңіс» саябағы маңындағы жағалауда катамаран сынды тынығуға арналған көптеген дүние бар. Ал «Үшбұлақта» өлі тыныштық. Халықты тарататын, қызығатын дүние жоқ. Оған басты себеп — су айдынына күтімнің болмай кеткені болатын. Енді міне, суға ақ амур балықтары жіберіліп, тазартыла бастағанын естіп қуанудамыз. Егер су айдыны мөлдір таза болса, оған қоса табанында ақ амур балықтары жүзіп жүрсе, бұл жағалауға ағылған халықтың да, өз ісімді дөңгелетсем деген кәсіпкерлердің де саны артатынына сенімім мол, — дейді жеке кәсіпкер Самат Тілеужан.

Жалпы, ақ амур балығының су айдынын балдырдан толықтай тазартып шығуы үшін үш жыл уақыт керек екен. Алайда жергілікті билік суға көп балық жіберілгендіктен, бұл іс жылдамырақ жүретіндігіне сенімді.

Не де болса, Таразда жанданған тың жобаға жұртшылық дән риза. Жыл басында жергілікті билік қаладағы арық жүйелерінің бәрін ауыстырып, аулаға толықтай су кіргізуді жоспарлаған болатын. Бұл бастаманың артында шаһарды толықтай жасыл желекті қалаға айналдыру мақсаты тұрған. Алайда бетондалған арық жүйелері жүргізілгенімен, оған су келмей қансып қалды. «Үшбұлақ» жағалауындағы жоба осы арық жүйелерінің кебін кимейді деп сенеміз.

С.САТЫЛҒАН

ТЫНЫС

13 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

ӨҢІР ӘЛЕУЕТІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ҚАЖЕТ



11 қыркүйекте Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбайдың төрағалығымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған бастамаларды талқылауға арналған облыс активінің кеңейтілген отырысы өтті.

Жолдауда ел экономикасын дамытудың жеті негізгі бағыты айқындалды. Атап айтқанда, инвестиция тарту, өңдеу өнеркәсібін жандандыру, ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру, көлік-логистика саласын жетілдіру, адами капиталды күшейту, цифрлық даму қарқынын арттыру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен су инфрақұрылымын жаңғырту, сондай-ақ Каспий теңізін құтқару мәселелері қамтылған.

Аймақ басшысы осы басымдықтар аясында өңірде атқарылып жатқан және алдағы жұмыстарға назар аударды.

Маңғыстау облысында инвестиция тарту, бизнес-ортаны және инвестициялық ахуалды жақсарту бойынша белсенді шаралар жүргізілуде. Нәтижесінде, алдағы уақытта ірі қытайлық компаниялармен жасалған келісімдер аясында көлік және логистика,

машина жасау, цифрландыру және балық шаруашылығы салаларында инвестициялық жобалар іске асырылмақ.

Әкім Жолдауда атап өтілген көлік-логистика саласын дамытуға қатысты жобаларға да тоқталды. Бүгінде Мемлекет басшысының қолдауымен Ақтау портында контейнерлік хабтың бірінші кезеңі іске қосылды. Ал 2028 жылға қарай қуаты 11 млн тонна болатын «Саржа» теңіз терминалы пайдалануға берілімек. Бұдан бөлек, Ақтау халықаралық әуежайында құны 1 млрд АҚШ долларын құрайтын логистикалық және авиациялық хабтың құрылысы басталады.

Сонымен қатар өңір басшысы туризм саласының Жолдаудағы басым бағыттардың бірі екенін атап өтті. Осыған орай 2025-2029 жылдары жалпы құны 193 млрд теңгені құрайтын 19 жоба жүзеге асырылады. Бұл қосымша жана жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді. Бозжыра, Шерқала, Айрақты, Кендірлі және Жылы жағажай туристік аймақтарында экологиялық және жағажай туризм дамытуға басымдық берілуде.

Облыс әкімі Жолдауда белгіленген міндеттерді тиімді орындау

үшін мәслихат, атқарушы билік және азаматтық қоғам арасындағы үйлесімді жұмыстың маңыздылығын атап өтті.

— Мемлекет басшысы Жолдауда ел дамуының жаңа басымдықтарын айқындап берді. Маңғыстау облысы көлік-логистика саласында мемлекеттің экономикасы үшін ерекше маңызға ие. Мемлекет басшысы өз Жолдауында осы саланың маңыздылығын атап, дамыту бойынша бірқатар тапсырма берді. Сонымен қатар Бейнеу мен Сексеуіл арасындағы автожол құрылысын аяқтау тапсырылды. Аталған бағыт арқылы жүк тасымалын оңтайландыруға және Алматы — Бейнеу — Сексеуіл көлік желісін дамытуға мүмкіндік туады. Жобаның басты мақсаты — еліміздің оңтүстік және батыс өңірлері арасындағы байланысты нығайту, экономикалық интеграцияны қолдау. Өңір әлеуетін тиімді пайдалану — біздің басты міндетіміз. Қазір мақсатымыз — халықпен бірге осы бастамаларды жүзеге асырып, аймақтың тұрақты дамуына қол жеткізу, — деді Нұрдәулет Қилыбай.

Айна ХАСАН

СӨЗ ӨНЕРІНЕ ҒАШЫҚ ЖАН

Кеше жазушы Айыпберген Балтабайұлының «Сөз өнеріне ғашық жан» атты кітабының тұсаукесері өтті. Кітаптың мазмұны жазушының тікелей шығармашылығын қамтиды. Жиынға ақын-жазушылар мен журналистер қатысты.

Айыпберген Балтабайұлы — Түркістан облысы, Мақтаарал ауданының тумасы. Құрылыс мамандығы бойынша инженерлік жоғары білімге ие болғанымен, шығармашылыққа жаны жақын, бірнеше кітаптың авторы және әлемге танымал қаламгерлердің туындысын қазақ тіліне тәржімалаған аудармашы. Жиынға қатысқан ақын, драматург, манасшы Баянғали Әлімжанов жазушының жарыққа шыққан жана кітабы мен аударма өлеңдері жайында сөз қозғады.

— Біздің ұқсастығымыз — екеуіміздің де әкеміз Ұлы Отан соғысының ардагері. Ал өзіңіз құрылысшы әрі ақынсыз. Жаңа кітабыңыз «Сөз өнеріне ғашық жан» деп аталуы тегін емес. Және оның астары терең деп ойлаймын. Бұл атау — кітапқұмарлықтан, ғашықтықтан туған. Өлең жазып қоймай, А.Пушкиннің, М.Лермонтовтың өлеңдерін аудардыңыз. Бұл әйгілі ақындардың өлеңін Абай атамыз да аударды. Содан қалғанын сіз қазақ тіліне тәржімалап, ұлы ақын ізімен келе жатқаныңыз ұрпаққа мәңгі мұра болып қалмақ, — деді жазушы Б.Әлімжанов.

Айыпберген Балтабайұлы шығармашылық жолын 1998 жылы бастаған. Ғылыми-іздену жұмыстарымен қатар айналыса жүріп, «Жүрек жылуы», «Назеркем», «Ғашықтар әні», «Сағыныш сазы», «Жұлдызды ғұмыр», «Біздің Димекен», «Оңтүстік Әділханы», «Алтын қолды хирург», «Тағдыр», «Жан жылуы», «Сырласу мен мұңдасу», «Бақыт жолында» атты

кітаптары мен «Бес томдық таңдамалы шығармалар жинағы» жарық көрген. Енді солардың қатары «Сөз өнеріне ғашық жан» атты кітабымен толықты. Бұл кітапты жоғары бағалаған журналист Қарашаш Токсанбай авторды мерейтойымен құттықтап, руханиятқа қосқан үлесі туралы да аз-кем сөйледі.

— 2010 жылы «Ауыл ақыны» тақырыбында жазылған мақала бердім. Сонда әріптестерім де қызығып, кітаптарыңызды алып оқыды. Бұдан шығармашылық қуатыңыздың пісіп-жетілгенін көреміз. Ауылдан шыққан ақындарды қаламгерлер ортасына қосып, мерейін үстем етіп, қолдау білдіріп, жаксылықтарды ұрпаққа ұластырып отыруымыз керек. Көңілімізге жаксы ой ұялатып, ауылдың әдемі иісін, тазалығын әкеліп, аңсап отырған көңілге жылылық ұялатқаныңыз үшін ризалығымызды білдіреміз, — деді Қарашаш Токсанбай.

«Сөз өнеріне ғашық жан» кітабы — А.Балтабайұлының ұзақжылдық еңбегінің жемісі. Жазушының аудармашылық еңбегі де ұлттық әдебиетімізге қосылған сүбелі үлес болып отыр. Қысқасы, бұл жиын — ауылдан түлеп ұшқан ақынның руханиятқа қосқан зор үлесінің, әдебиетке деген шексіз махаббатының айғағы болды. Жиында бас қосқан қаламгерлер қазақ руханиятына қосылған туындының авторына жылы лебізін айтып тарқасты.

С. БЕГІМБАЙ



ҮЗДІК АУЫЛДЫҢ ҮЛГІСІ

Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбай республикалық «Таза Қазақстан» акциясы аясында ұйымдастырылған «Үлгілі ауыл» байқауының жеңімпаздарын марапаттады.

Конкурс ауылдық елді мекендердің тазалығы мен абаттандырылуы, инфрақұрылымдық жағдайы, тұрғындардың белсенділігі, мәдениет, спорт және білім салаларындағы жетістіктері бойынша бағаланды. Жарысқа 5 ауданнан 39 ауыл қатысып, ақтық кезеңде 10 ауыл бақ сынады.

Ауылдар арасындағы бәсекеңің қорытындысы бойынша 7 елді мекен үздік деп танылып, қаржылай сертификатқа ие болды. Атап айтқанда, 3 мыңнан астам халқы бар ауылдар арасынан Бейнеу ауданының Бейнеу ауылы I орынды (10 млн теңге), Түпқараған ауданының Сайын Шапағатов ауылы II орынды (7,5 млн теңге), ал Қаракия ауданының Құрық ауылы III орынды (5 млн теңге) иеленді. Сонымен қатар Маңғыстау ауданының Шетпе ауылы ынғаландыру сыйлығына (2 млн теңге) ие болды. Ал 3 мыңнан аз тұрғыны бар

ауылдар арасында Маңғыстау ауданының Сайөтес ауылы I орынды (8 млн теңге), Қаракия ауданының Құланды ауылы II орынды (6 млн теңге), және Бейнеу ауданының Сыңғырлау ауылы III орынды (4 млн теңге) қанжығалады.

Жеңімпаз атанған ауылдарға берілген қаржы сол ауылды абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарына және инфрақұрылымын жақсартуға жұмсалады.

Марапаттау рәсімінде облыс әкімі жеңімпаздарды құттықтап, ауылдардың өңір дамуына қосып отырған үлесін атап өтті.

— «Үлгілі ауыл» конкурсы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес «Таза Қазақстан» акциясы аясында ұйымдастырылды. Бұл жоба — ауылдардың дамуы мен бірлігін, тұрғындардың белсенділігі мен еңбегін көрсететін маңызды бастама. Бұл — тек марапат емес, әр ауылдың өз

әлеуетін аша түсуіне жасалған қолдау. Жеңімпаз ауылдарды шын жүректен құттықтаймын. Ең бастысы — берілген қаражат ауылдың игілігіне жұмсалып, халықтың тұрмысын жақсартуға ықпал етуге тиіс. Сонымен қатар бұл конкурс арқылы біз ауыл тұрғындары арасында экологиялық сана мен экологиялық мәдениетті қалыптастыруға жағдай жасап отырмыз. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, өңірлердің әлеуетін арттыру — біздің басты міндетіміз. Сондықтан бұл байқауды дәстүрлі түрде жалғастырып, ауылдарды қолдау жұмысын күшейте береміз, — деді Нұрдәулет Қилыбай.

Айта кетейік, биыл ең үлгілі ауыл атанып отырған Бейнеу ауылының 57 мыңнан астам халқы бар, жұмыссыздық деңгейі 2,8 пайызды құрайды. Ауылда 12 мектеп, 19 балабақша, аурухана мен мәдениет үйі құмасы істейді. Сондай-ақ 685 кәсіпкерлік нысан бар. Бейнеу ауылы толықтай электр энергиясымен, ауызсумен және табиғи газбен қамтылған.

Тілек ҚАБЫЛ

ТАҒЗЫМ

13 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

Өткен ғасырдың 20-30 жылдары тағдырдың талқысына түсіп, өзінің ғазиз басын бір адамға деген шексіз махаббаты үшін оққа байлауға дейін барған Мұхсина апамыздың тағдыры да, ерлігі де бір бөлек. Батыр әйел жас өмірін ел арасында «Банды Аманғали» деген атпен Нарын өңіріне белгілі болған адамға арнады, оның шексіз махаббаты үшін құрбан етті. Екі ғашықтың махаббаты тұтанған шағы «банды» атанған Аманғалидың Нарынға сыймай, басын анда-мында соғып жүрген кезі болатын. Аманғали Кенжахметұлы Беріш тайпасының Себек руынан шыққан (1888-1928 жж.). Ол кезде Аманғали жасы 40-тан асқан, елге серілігімен, ақындығымен, әншілігімен танымал адам болатын. Сол уақыттың өзінде Аманғалидың бірнеше әні көрнекті музыка зерттеушісі А.Затаевичтің назарына ілініп, оның атакты «Қазақтың 500 әні» атты жинағына енген еді.

Аманғалидың «банды» атануына оның бұрынғы құдасы Қайыр Қарынбаев екеуінің арасындағы тұрмыстық кикілжің себеп болған. 1926 жылы басталған кикілжіңді ушықтырмай, заң шеңберінде шешудің орнына Аманғалиды «банды» атандырып, оның артына жарық күнде шам алып түскен. 1926 жылы он алты жастағы Мұхсина өзінен біршама үлкен Аманғалиға деген ынтықтығын хат арқылы жеткізген көрінеді.

Мұхсина туралы Аманғалидың үлкен қызы Рахила былай еске алады: «Көкем Мұхсина шешемізге Орал түрмесінен келген жылы жазда үйленді. Мұхсина — Нарын құмының Айбас деген жерін қоныстанған Айбас-Жайық Беріштің Сары атасынан тарайтын Әлімтай деген кісінің қызы. «Отырған қыз орнын табады» демекші, байғұстың қайғы-қасіретте жүрген әкемізді ұнатып, соған тап болғанын қараңызшы. Мұхсина бұрын нағашылары жағынан, Есен-Беріштің бір жігітіне айттырылып қойған екен, оған өзі көнбеген деседі. Бір жетпесінен көкеміз келгенде хат беріп, оның онаша келіп кетуін өтініп, өзінің тұрмысқа шықпақ ойы барын білдіріпті. Мұхсина шешеміз біздің үйге келін боп түскенде, мен өзім де бойжеткен қызбын. Бәрі-бәрі көз алдымда, есімде.

Ауылымыз Халидолла ахун хазірет ағамыздың «Шошак үй» дегенінен (бұл балалар оқитын үй) он шақырымдай жерде жеті-сегіз үй жаз жайлауда отырмыз. Бір күні әкеміз үйге кіріп келіп: «Ал Мұхсина шешелеріңізді алып келдім, қарсы алуға шығыңдар!» — дегені. Бәріміз үйден жүгіре-жүгіре шықты. Байқап үлгергенім, шешеміз өте ажарлы адам екен. Өзім де бойжеткен болған соң оның киіміне зер сала қарадым. Қызыл мақпал бешпетінің сыртынан салған қапсырма белбеу бау мүсінінің сөнін келтіріп, кең иығы мен омырауын айқындап тұрды. Оған қоса, жуандығы ірі кісінің білегіндей қос бұрымы тілерсегіне түсіп, шолпысы сынғыр-сынғыр етеді. Бәріміздің беттерімізден сүйгеніне біз дән риза болдық. Той жасадық...

Тойдан кейін көп болған жоқ, екі-үш күннен соң, қасында үш-төрт адам бар, әкеміз Мұхсинаны ертіп ауылдан кетіп қалды. Келесі бір келгенде шашын түйіп, басында алшы бөркі бар, ер адамша киініп алыпты. Көк жорғамен ағызып

Қазақ халқында кесек мінезді, өзінің алдына қойған мақсатын орындау жолында ештеңеден тайынбайтын, керек болса өмірін де қиюға дейін барған әжет қыздар аз болмаған. Олардың қатарында қыпшақтан шыққан батыр әйелдер Рәзия мен Зарина, Кенесары ханның қарындасы Бопай ханым есімізге бірден түседі. Ал өткен ғасырдағы жойқын соғыста алабөтен ерлігімен советтік әскери биліктің көзіне түсіп, батыр атанған Мәншүк, Әлия, Хиуаз, Зура Досбергенова апаларымызды қалай ұмытамыз?



Мұхсинаның МАХАББАТЫ

келгенде қайсысы әкем, қайсысы Мұхсина екенін танымай да қалдық. Мұхсина әкеміздің салтанатын асырып жіберіпті. Осындай сәнімен ол өзімізге өте ұнап қалды.

Мұхсина Аманғалидың қасында болып, аз уақыттың ішінде оқ-дәрімен атылатын қару-жарактың барлық түрін пайдалануды жетік үйреніп, үкімет әскерлерімен болған шайқастарға асқан ержүрек-тікпен қатысқаны туралы деректер баршылық. Осындай шайқастардың бірі — Терлікбай қыстауында болған оқиға. Ол туралы Аманғалидың кіші қызы Рахима алай былай әңгімелейді. Бұл оқиға 1926 жылы тамыз айында болған.

«Бір күні түсте Терлікбай қыстауы жағынан мылтықтың дауысы шықты. Үйде көкем, Мұхамберлі, шешеміз Мұхсина, ас пісіретін бір әйел бар, балалардан Нағымжан, Қадыржан және мен. Әкем Нағымжанға сыртқа шығуына қатаң тыйым салды. Қадыржан екеуін үй ортасындағы қазылған шұңқырға түсіріп, үстіне алаша жауып, текемет төсеп тастады. Әкемнің мұнысы қалай да ұл балаларды қауіптен сақтағысы келгені ғой. Мұхамберлі мылтықтарды алып, әкемді ілестіріп үй жанындағы орға түсті. Мұхсинаны да ала кетті. Ас пісіретін әйел маған бие сауатын кішкене шелекпен су беріп тұрды. Мен оны ордағы атысып жатқан әкеме тасимын. Атылған оқтар менің алдымнан да, артымнан да құмға түсіп, бүрк-бүрк етіп жатты. Кейде шелектегі суды төгіп аламын, кейде әрең-әрең әулірімдеп жеткізіп беремін. Сол екі арада әкем мені қайта жүгіртеді.

Мұхсина шешеміз мылтықтардың ұңғыларын сулы шүберекпен танып байлап әрі оқтап үлгерді. Қимылы өте шапшаң. Өзі көкемнің екі жағына кейде зып беріп шығып, келіп түсіп жатқан бораған оқ пен әкем арасына қалқан болғандай, денесімен жауып, әкемді қорғаумен әлек. Көбірек ататын — Мұхамберлі. Атқан сайын ышқынып қояды. Күн сондай ыстық. Мылтықтар шыдамайды, ұңғысы ысып, суды көп керек етеді. Сөйтіп жатқанда, Мұхамберліге оқ тиді. Оған Мұх-

сина бір-ақ қарғып барып, қан ағып жатқан жарасын шүберекпен танып тастады. Мұхамберлі атуын қайта бастады. Сол кезде үй жанында бір ат байлаулы тұрған, оған оқ тиіп, аяғын бір-ақ серпіді.

Әйтеуір, түс ауа атыс тоқтады, екі ара көкпеңбек мұнартып кетті. Әлгі келгендер кетіп қалды. Кейін көкем мен Мұхсина қыстаудың ішін, айналасын аралап қарады. Мен арттарынан еріп жүрдім. Естүімше, екі адам шығын болған. Шамамен 1927 жылы болса керек, бұлар Орал облысының аумағындағы бір қамысты, ық жерге келіп тоқтап, сол жерден жер қыстау қазып, бүкіл отбасымен сол жерде қыстап шығыпты. Жазға қарай сол жерге киіз үйлерін тігіп отырыпты. Күндердің бір күнінде бұлардың ауылына суыт жүріспен бір топ салт аттылар келіп тоқтаған. Үйде әкем Қабдолхамит мен әжесі Жамиға болған. Үстіне қару мен патрон асып алған салт аттылар аттарынан түсіп, үйге кірген. 7-8 жастағы Қабдолхамит пен оның әжесі Жамиғадан басқа үйде ешкім болмаған екен. Үйге кірген ұзын бойлы, түсі суық ер адам әжеме қарап: «Апа, сәлем бердік. Сендер қандай ел боласындар, немен айналысасындар, советтің адамдары емессіндер ме?» — деп сұрады, — дейді менің әкем. Әжем: «Қарақтарым, біз бір кеңестің зорлығынан қорқып көшіп жүрген жандармыз, Мәмбеттің Қаратоқай руынан — Акқұлылармыз», — депті. Сонда ер адам: «Е-е, сендерден қауіп жоқ екен ғой. Ал мен Себек Аманғалимын. Мынау менің әйелім — Мұхсина, сырттағылар менің жігіттерім», — депті. Сол кезде үйге атам Ахмедияр кіріп келіпті. Аманғали оған алая қарап, «Сен кімсің, советтің адамы емессің бе?» — депті ақырып.

Сонда әжем: «Бұл менің балам, советке ешқандай қатысы жоқ, одан да сырттағы адамдарынды үйге шақыр, барымен қонақ боласындар», — депті. Содан Аманғалилар біздің үйде тамақтанып, қонған екен. Әкемнің айтуынша, таңға жақын бұлардың ауылында Аманғалилардың қонып жатқанын біреулердің көрсетуімен білген

Ішкі істер халық комиссариатының әскерлері тұтқиылдан шабуыл жасап, үкімет әскерлері мен «банданың» арасында кескілескен шайқас басталған.

«Танертең елең-алаңда басталған шайқас екі сағатқа созылды», — дейді менің әкем. Аманғали үйдегі көпшіктерді шынтағының астына қойып тұрып, өзінің жауларымен атысқанда, әйелі Мұхсинаның көз ілеспес шапшаңдықпен сүйіктісінің мылтығын оқтап беріп отырғандығы аздай, арасында өзі де керегеден сығалап, нағанмен жауларына оқ жаудырғанын әкем көзімен көріпті. Бір мезгілде атыс аяқталып, екі жақтан шығын болғаннан кейін, Аманғалилар тірі қалған өз адамдарымен сол жерден іздерін жасырып үлгеріпті. Осы оқиғадан кейін көп ұзамай біздің үйге милициялар келіп, менің атам Ахмедияр Құлмағанбетұлын Оралдың түрмесіне қамаған көрінеді. Одан кейін атамнан тек бір рет қана хат келген. Артынан жөн білетін сауатты туыскандарымыз Орал түрмесіне жолығамыз деп барғанда, ол кісінің өлігін носилкаға салып, үстіне өзінің ескі бешпетін жауып жерлеу үшін алып шығып бара жатқандарын көріп, ауылға кері қайтқан көрінеді.

Мұхсинаның Аманғали тобы құрамындағы іс-әрекеті туралы Орал мемлекеттік мұрағатында ОГПУ-дың қаулысы сақталған. Осы қаулының кейбір үзінділері мынадай:

«1927 жылы сәуірде 9 адамнан тұратын Аманғали тобы, оның ішінде Мұхсина да бар ІХК отрядымен шайқасты. Маусымда болған үкімет әскерлерімен болған шайқаста, атына оқ тиіп, ауып құлаған Нағымға ерлердің бірі де көмектесе алмай, төбені асып бара жатқанда, Мұхсина атының басын кері бұрып барып, баланы атының артына мінгестіріп алуға тырысып, екі рет қолын ұсынып, оны құтқара алмай, өзі әрі қарай жауға ұстатпай кетуге мәжбүр болған.

Жазушы Ләтифолла Қапашевтың «Бұанды Аманғалидың ісі» атты кітабында нақты деректер келтірілген. Мұхсина Новая-Казанкада ұсталғаннан сотталып, бөлен жыл

түрмеде отырған. Түрмеден шыққан соң, Оралдың Таскала (ол кезде «Каменка» деп аталатын) деген аудан орталығында тұрады. Сол кездері «Жаман Жәутік» повесін жазып жүрген жазушы Есенжол Домбаев Мұхсинаны іздеп Таскалаға барады. Бірақ Мұхсина Жайық бойындағы ауылдардың біріне қоныс аударыпты. Араға тағы да жылдар салып, артынан іздеп барса, Мұхсина өмірден озған екен.

«Ауыл адамдарының айтуынша, Мұхсина түрмеден келгесін кәдімгі ер адамдарша ел ішінде бала піштіріп, сүндетке отырғызған көрінеді. Бұл деректер менің ел ішінен әр кезеңдерде естіп, еске ұстап қалғандарым», — дейді белгілі өлкетанушы Сәтқали Әуелбаев.

Мұхсина апамыз 1927 жылы үкімет әскерлерінің қолына түсіп, Аманғалидың құдасы Әбдірахман Жүсіповпен, күйеуінің інілері Сүндетқали және Үмбетқалимен Орал түрмесінде үш жыл отырады. 1929 жылы сот шешімімен Мурманск облысындағы тұтқындарға деген ауыр азабымен теріс атағы шыққан СЛОН лагерінде жазаларын өтеді. Кеңестік сот билігінің әділетсіздігі мен қатыгездігін жасы тек 18-ге жана толған Мұхсина бір кісідей-ақ көрді.

Мұхсинаның Орал түрмесінде соңғы жауап алу кезінде өзінің жүктілігін ескере отырып, түрмеден босатуды сұрап берген арызын түрме әкімшілігі керемдікпен жауапсыз қалдырды. Сөйтіп, Мұхсина ана болудың қызығынан біржола айырылды. Мұхсина Кенжахметова Мурманск лагерінде 1933 жылға дейін күйеуінің ағасы Сүндетқалимен жазасын өтеген. 1933 жылы Мұхсина мен Сүндетқали лагерьден босатылғаннан кейін Мәскеу арқылы өз Отанына оралады.

Алайда Мұхсинаның өткені ол байғұсты жібермегені соншалық, ол өзінің ата-анасына оралуға батылы бармай, Орал облысының Қазталов ауданында тұрып қалады. Белгілі өлкетанушы Мұрат Бектеуовтің мәліметтері бойынша, Мұхсина апамыз 70 жылға дейін Орал облысында өмір сүрген. Ол 1994 жылы наурызда ақталды. Ішкі істер органдары Кенжахметовтар отбасына байланысты асқан қатыгездіктің үлгілерін көрсетті.

Кенжахметовтер 5 ағайынды болатын. Аманғали қаза болғаннан кейін көп ұзамай інілері Әндірғали мен Мұқанғали ОГПУ отрядымен шайқаста қаза тапты. Тағы екі інісі — Сүндетқали мен Үмбетқали Орал қаласына түрмеге қамалды, сол жерден 1929 жылы СЛОН лагеріне (арнайы мақсаттағы Солтүстік лагерь) жіберілді. Сүндетқали мен Үмбетқали жазықсыз түрме мен лагерь азабын басынан кешірді. Яғни, жергілікті тілмен айтқанда, бұлар «қосақ арасында босқа кеткен» жандар еді. Тағдырдың қалауымен Үмбетқали Финляндияда болып, онда ол 80 жасқа дейін өмір сүрді.

Бұл оқиғалардың басты трагедиясы — Мұхсина өзінің ерекше қасиеттерін адам қызметінің басқа лайықты түріне жұмсамай, ақыр соңында өзінің туған жерінен жырақта қайтыс болды.

Тағдыры ауыр, ыстық махабаттың құрбаны болған апамыз Мұхсинаны қанша аясақ та болар іс болды, бояуы сіңді. Сондықтан қиын да, бірақ жарқын өмірдің иесі, жерлесіміз Мұхсинаның есімі ұмытылмауға тиісті. Өйткені оның тағдыры — біздің тарихымыздың бөлінбейтін бір бөлігі.

Зәки АХМЕТЖАНҰЛЫ,
шежіреші

Өңір

Сыр топырағынан түлеп ұшқан спорт саңлақтары талай байрақты бәсекелерде топ жарып жүр. Оның ішінде, Қызылорда боксының бәсі биік. Былғары қолғапшылардың ел чемпионатымен қоса әлемдік ареналарда, олимпиада төрінде жеңіс тұғырынан көрінуі – соның айқын дәлелі.



Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Жалпы, соңғы жылдары Сыр өңірінің спорт саласында серпін байқалады. Әсіресе, аймақта спорттық нысандар қатарының артуы саланың өркендеуіне оң нәтиже беріп тұр. Мәселен, былтыр Samruk-Kazyna Trust әлеуметтік жобаларды қолдау қорымен бірлесіп, өңірден заманауи үлгідегі теннис орталығының ашылуы көпшілікті қуанышқа бөлеген болатын. Бұған қоса, Қазақстанның футбол федерациясымен бірге Қызылорда қаласында F.Мұратбаев атындағы стадион күрделі жөндеуден өткізілді. Осындай жоспарлы жұмыстар биыл да жалғасын тауып жатыр.

«Мемлекет басшысы 2025 жылы Бұрабайда өткен Ұлттық



Сыр Боксының серпіні



белгілі. Осыған байланысты бірқатар тапсырма жүктеді. Соған орай бүгінде Қызылорда қаласында құны 26,5 млрд теңгені құрайтын 11 мың орындық жаңа стадион бой көтерді. Стадион олимпиадалық спорт түрлеріне арналған 7 залмен қамтылған. Нақты айтатын болсақ, бокс залы, күрестің үш түріне арналған дзюдо, грек-рим, еркін күрес залы, фитнес

тұрғыда басқарма басшысының мәлімдеуінше, өңірде «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен құны 3 млрд теңгені құрайтын аумағы 3 мың шаршы метрге тең мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған спорт клубының құрылысы аяқталған. Бұл нысан жақын арада ашылмақ. Соның негізінде, аймақтағы 256 мүмкіндігі шектеулі спортшының келесі Паралимпиада ойындарына дайындалуға мүмкіндік артады деп жоспарланып отыр. Жалпы, өңірдегі салаға бөлінген бюджеттің 80 пайызы олимпиадалық спорт түріне бағытталып отырғаны мәлім болды.



Басқарманың мәлімдеуінше, қазір нысанда демеушілердің көмегімен заман талабына сай жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жоспар бойынша клубқа 4 жас ерекшелігі бойынша, яғни кіші жасөспірім, жасөспірім, жастар және ересек былғары қолғап шеберлерін қабылдау қарастырылған.

құрылтай отырысында халықтың спорттық инфрақұрылымдарға қолжетімділігін арттыруға басымдық беру мақсатында облыс орталықтары мен аудандарда заманауи стадиондар мен спорт кешендерін салу мәселесіне ерекше тоқталғаны

залы, спорттық гимнастика, таэквондо және ауыр атлетика залдары қамтылған. Стадион жыл бойы үздіксіз жұмыс істейтін болады. Нысан жақын күндері толық пайдалануға беріледі деп күтіліп отыр. Сол сияқты биыл облыс орталы-

ғында құны 20,5 млрд теңгені құраған көпбейінді «Қызылорда Арена» спорт кешенінің құрылысы басталды. Кешен толықтай халықаралық талаптарға сай салынып, болашақта мұнда әлемдік деңгейдегі додалар өткізуге мүмкіндік болады. Нысанды 2026 жылдың соңына дейін ел игілігіне пайдалануға беру жоспарда бар», — деді орталық коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен брифингте Қызылорда облыстық Денешынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бактияр Артаев.

Сонымен қатар аймақта мүмкіндігі шектеулі жандардың спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын қалыптастыруына жағдай жасау да назардан тыс емес. Бұл

Негізінен, Қызылорда облысында саланы дамыту бағытында атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар нәтижесімен бұқаралық спортпен шұғылданушылар саны жылдан-жылға ерекше қарқынмен арта түскені байқалады. Нақты айтқанда, тұрғылықты халықтың 40,4 пайызы спортпен тұрақты түрде айналысатыны айтылып жүр. Оның ішінде, былғары қолғапшылардың да үлесі жоғары екені аян.

Жалпы, Сыр боксы жайында сөз қозғалса, алдымен әлемдік додалар мен олимпиада ойындарында топ жарған мақтаныштарымыздың есімі еске оралады. Бұл тұрғыда 10 жылдан бері әлемдік деңгейде танылған саңлақтарды тәрбиелеген «Тарлан» бокс орталығының үлесі аз болмады.

13 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

Қызылорда қаласындағы аталмыш бокс клубы алғаш рет 2015 жылы Қазақстан бокс федерациясының қолдауымен ресми түрде ашылған болатын. Алайда кейіннен ғимарат жекеменшікке өтіп, өңірдегі боксты жүйелі дамытуда бірқатар қажеттіліктер туындаған. Соған орай биыл аталмыш «Тарлан» кешенін қайта басқарма тенгеріміне алу бастамасы көтеріліп, халық сенімін арттырған еді. Соның нәтижесінде, жуырда облыс әкімінің қолдауымен алғаш рет «Қызылорда бокс клубы» құрылып, облыстық Денешынықтыру, спорт және туризм басқармасының тенгеріміне берілгені мәлім болды.

Басқарманың мәлімдеуінше, қазір нысанда демеушілердің көмегімен заман талабына сай жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жоспар бойынша клубқа 4 жас ерекшелігі бойынша, яғни кіші жасөспірім, жасөспірім, жастар және ересек былғары қолғап шеберлерін қабылдау қарастырылған.

«Клубтың инфрақұрылымы кең әрі заманауи талаптарға сәйкес жабдықталмақ. Мұнда ерлер мен әйелдерге арналған арнайы бокс ринг залдары, фитнес залы, спортшыларға арналған 30 адамдық қонақүй және асхана қарастырылған. Аталған орталық облыстағы жас спортшыларға кәсіби деңгейде дайындалуға, халықаралық деңгейдегі жарыстарға қатысуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар Қызылорда боксының дәстүрін жаңа деңгейге көтеріп, келешекте ел намысын абыроймен қорғайтын чемпиондар тәрбиелеуді мақсат етеді», — деп мәлімдеді басқарманың баспасөз қызметі.

Бүгінде аталмыш спорт кешенінде тәжірибелі бапкерлер құрамымен қамтылған бокс, дзюдо, таэквондо және ауыр атлетика бөлімшелері жұмыс істейді. Соның ішінде бокс бөлімшесінде 120-ға жуық былғары қолғап шебері тыңғылықты дайындық жүргізіп жатқанын алға тартады. Негізінен, орталықтағы 16 жаттықтырушы ересектер, жастар және жасөспірімдерден құралған ұл-қыздардың шыңдалуына сеп болып жүр.

Осы орайда басқарма тарапынан Қызылорда бокс клубының басшылығына Сыр мақтанышы Камшыбек Қоңқабаевқа ұсыныс жасау жоспарланып отырғанын жеткізді. Сонымен қатар белгілі былғары қолғапшылар Құлахмет Тұрсынбай мен Руслан Сыбаевты да шақыртуға ниетті.

Жалпы, Сыр боксына серпін беретін тың бастама халықтың зор қолдауына ие. Осы арқылы келешекте Қызылорданың карадомалақтары арасынан шаршы алаңда шаң қаптыратын талай сайыпқырандардың шыңдалып шығатынына сеніммен қарайды.





КӨЗАЙЫМ

13 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕНБІ

Астанада қазақтың маңдайына біткен, жасындай жарқ еткен бір жұлдызы – Олимпиада чемпионы Бекзат Саттархановқа арналған айрықша іс-шара өтті. Жиын батыр ұлдың құрметіне бой көтерген Бекзат Саттарханов атындағы спорт кешенінде ұйымдастырылды. Іс-шараның басты мақсаты – жазушы Бейбіт Сарыбайдың «Бекзат. Шаршы алаңнан тыс өмір» кітабын оқырман қауымға таныстыру. Қаламгер бұл романында боксшының шаршы алаңдағы жеңісін ғана емес, тұтас ғұмырын шынайы суреттеген.

Айсұлу СЪЕЗХАН

Бейбіт Сарыбайдың Америкада аяқтаған кітабының таныстырылымына сенатор Нұртөре Жүсіп, Мәжіліс депутаты Жандарбек Әшімжан, Жазушылар одағының Астанадағы бөлімінің басшысы, ақын Бауыржан Бабажанұлы, жазушы Қанат Әбілқайыр, Олимпиаданың жүлдегері Болат Жұмаділов және мәдениет, ғылым және спорт саласының мамандары қатысты. Бекзаттың анасы Сырлықұл Саттарханова да қуанышқа көзайым болды. Автордың айтуынша, шығарма Сырлықұл ананың көңілінен шыққан.

— Шағын шығарма жазсаң да, жауапкершілік деген дүние бар. Ал 250 беттік шығарма жазған кезде жауапкершілік жүгі 10 есе ауырлайды. Оқырман үшін жауапкершілік алу қиын. Сол оқырманның бастауында Бекзаттың аяулы анасы Сырлықұл апамыз тұрғанын жасырмаймын. Әуелі кітаптың алғашқы сигналдық данасын Сырлықұл апамыздың қолына ұстаттық. Анамыз оқып, көңілінен шықты дегенде, оқырманға ұсынуға болады деп шештік, — дейді автор тебірене.

Сырлықұл Саттарханова да кітап жөнінде шынайы пікір білдіріп, қауымға жылы лебізін, ақ батасын берді.

— Бекзатты еш уақытта дүниеден өтіп кетті ғой деп айта алмай-

мын. Баламның «Менің намысым — елімнің намысы» деген сөзі бар. Ол тек менің ұлым емес. Дүниеге әкелдім, өсірдім, тәрбиеледім, сөйтіп мен оны еліне берген екенмін. Бекзат — барша қазақтың баласы. Бекзат — небәрі 20 жасында еңбегін еліне аманат етіп кеткен ұл, — дейді Сырлықұл ана.



Бір айтарлығы, кітаптың жазылуы, жарыққа шығуымен қатар Бекзат Саттарханов атындағы спорт кешенінің салынуына белгілі меценат, «Белес» құрылыс компаниясының басшысы Мақат Төрәлі мұрындық болған. «Жаксы істің басына, жаксы келер қасына» дегендей, кәсіпкер бұдан бұрын да бірнеше кітаптың шығуына қаржылай қолдау көрсеткен. Жиынның көңіл толқытар сәті Мақат Төрәлінің Бекзаттың анасына жаңа пәтердің кілтін табыстауы болды. Сонымен қатар салтанатты кітап тұсаукесері өтіп, оқырман жаңа кітапты қолға алды.

— Бөріміздің есімізде, 2000 жылы әлі тәуелсіздік алғанымызға 10 жыл бола қойған жоқ. Жаңа ғасырға қадам басқан шақта еліміз үшін ұлы оқиға болды. Бекзат ең алғаш бокстан олимпиада чемпионы атанғанда, бөркімізді аспанға атып қуандық. Өкінішке қарай, одан кейін бастан әртүрлі заман өтті. Бекзатты естен шығарып алған кездер де бар. Шын мәнінде, ел барда, мемлекет барда Бекзат ұмытыл-

майтын батырымыз болып қала бермек. Бүгін соның куәгеріміз, — деп Бауыржан Бабажанұлы да жүрекжарды лебізін білдірді. Сонымен қатар жазушылардың спорт тақырыбын қайта қолға алып, көңіл бұрып жатқанына ризалығын жеткізді.

Негізінде, Бекзат Саттарханов туралы бүгінге дейін бірнеше кітап оқырман назарына ұсынылған. Өкінішке қарай, еңбектің көбі — нақты дерекке құрылған публицистикалық жанрда жазылған шығармалар. Қаламгер



ды. Автор осындай ізденісте жүргенде, кәсіпкер Мақат Төрәлі де руханиятты қолдап, Бекзатқа әдеби кейіпкер ретінде ескерткіш тұрғызсақ деген идея ұсынады.

Жазушы Сырлықұл ананың Жүйіне қона жатып, түннің бір уағына дейін әңгімесін тындап, талай таңды атырған. Бекзаттың аға-жеңгелері, іні-бауыр, жақын

тану үшін шығармаға қатысты ерекшеліктерді айта кетейік.

Автор қазақ жігітінің көркем образын ғана емес, Бекзатқа ғашық бойында ұяты, ұяндығы бар қазақ қыздарының жиынтық образын да жасап, кейіпкерге Жібек деген ат берген. Кейіпкер Бекзатты жақсы көре тұра, бір де бір рет сезімін мойындамаған, алайда шығарма қыздың өкінішімен аяқталады. Қыз Бекзатқа еркелеп отырып, сүйгенін еркелетіп отырып, сезімін жеткізбек боп хат жазады. Хат бумаланған күйі жетпей қалып кетеді...

— Құлынды көркемдік символ ретінде байланыстырдық. Сырлықұл апамыздың бойына Бекзат біткен кезде, бір құлын апамызға келеді. Кейін Бекзат дүниеге келгенде, Сырлықұл ана ұлымыз топтан озған жүйрік болсын деп, баланың кіндігін жылқының жалына байлап жібереді. Бекзат ғұмыры осы құлынмен байланыса өрбиді. Ол жол апатына түскенде, құлын да жолынан тайқып сүрінеді, — дейді жазушы.

Біпен достығы оның бір қыры болса, ол туралы кітапта өзге сан қыры сөз етілген. Бекзат — адал дос. Бекзат — білімге құштар жас. Бекзат — нағыз ақын. Кітап жайлы бұдан ары толғауды оқырман құзырына бергеніміз жөн. Бірге оқық, қайсар ұлдың рухына тағзым етейік...

Бекзат батырдың спортпен достығы оның бір қыры болса, кітапта өзге сан қыры сөз етілген. Бекзат — адал дос. Бекзат — білімге құштар жас. Бекзат — нағыз ақын.

мақсаты — кітапқа жан бітіріп, оқырманға тарихи шындық пен көркем шындықты астастыра отыра шынайы сезім сыйлау.

— Қазақ балаларын тәрбиелейтін идеялық тұлға керек деп ойлап жүрген едім. Қазір 15-16 жастағы бозбалаларымыз көріс жігіттеріне еліктеп, тіпті қазақ қызы да ұнатып бағалайтынын байқаймыз. Нағыз қазақы тұлға, қазақтың батыры керек деп түйдім. Бүгінде күнкөрістің қамымен әкесі де, анасы да ойға, қырға шапқылап, жан-жақта жүріп, бала тәрбиесі жайына қалып жатқаны түсінікті, — дейді жазушы.

Бейбіт Сарыбай бала тәрбиесінде ата-ана, өскен ортамен қатар, кітап пен әдеби шығарма, қаһарман кейіпкерлер де зор рөл атқаратынын айтады. «Әке-шешеміз отырғызып қойып, бүйтпесүйтпе деп тәрбие берген жоқ. Тәрбиесі — жаксы кітап әкеліп, кітап сөресіне қойғаны, сол кітаптарды оқы дегені» дей келе, жасөспірімдер үлгі қылатындай 3-4 қаһарманды қалай табамын деп көптен бері ойланғанын жасырма-

достарының, ең алғашқы тренерінен естелік-әңгіме, шынайы деректер жинайды. Автор сол кезде ғана іздеп жүрген қаһарманы Бекзат екенін түсінген. Жазушы оқырманға бұлай жаздым деп алдын ала әңгіме етудің қажеті жоқ деп таныды. Дегенмен оқырман жақынырақ



AMANAT MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Сағхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4641
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,